Сарқылмасын Сыр - Ана!
Ақмешіт Ақшамы
№21 (1724)
23 мамыр 2024 жыл
Бейсенбі
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ КАНИКУЛЫ БИЛІККЕ СЫНАҚ...

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2023-2024 оқу жылын аяқтау және демалыс кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы мәселелер қаралды. Жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев баяндама жасады.

Биылғы оқу жылын 3,8 млн оқушы аяқтайды. Оның ішінде бастауыш сыныпты 374 мың, негізгі мектепті 341 мың бала бітіреді. Ал, 186 мың бала мектеп қабырғасынан түлеп ұшады. «Алтын белгіге» үміткерлердің саны 7 704.

Оқу жылы «Білімім – Отаныма» атты бірыңғай сынып сағаттарын өткізумен аяқталады. 25 мамырда мектеп түлектеріне арналған «Мектебім, саған мың алғыс!» атты іс-шара өткізіледі. Аттестаттарды тапсыру салтанатты рәсімі 12-15 маусымға белгіленді. Ал 9 және 11 сынып түлектерінің қорытынды емтихандары 29 мамырдан 11 маусымға дейін өткізіледі.

Биыл алғаш рет 5-8, 10 сыныптарда қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау мақсатында қазақ және басқа да оқыту тілдері бар мектептер үшін қазақ тілі бойынша аралық емтихандар өткізіледі.

**- «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен «QH Жаздық жолдама» жобасы шеңберінде 20 мың бала тегін демалуға мүмкіндік алады. Олардың ішінде су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің оқушыларына, халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларына және ауылдық жерлерден көп балалы отбасыларға басымдық беріледі»**, — деді министр.

Биыл оқу жылы аяқталғаннан кейінгі жазғы демалысты ұйымдастыру жергілікті билікке де, білім беру мекемелеріне де сынақ кезеңі десе болады.

Еліміз бойынша 2,9 млн. бала жазғы демалысын 10 743 демалыс орталығында өткізеді. Оның 10 мыңы жыл бойы сауықтыру орталықтарында, 240 мыңы қала сыртындағы орталықтарда, 2,6 млн-ы мектеп жанындағы және 75 мыңы шатырлы және киіз үй лагерьлерінде демалады.

182 демалыс орталығының 150-і маусымның 1-10 аралығында іске қосылады. Қалған 32 нысан 15 маусымнан басталады. Олардың ішінде 7 нысан су тасқыны болған өңірлерде және 25 нысан конкурстық рәсімдер әлі аяқталмаған аймақтарда орналасқан.

Министрдің айтуынша: **Өңірлерде жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша бірегей жобалар бар. Олар: «Ұлы Дала кереметі» , «Jas galym», «Гастротуризм», «Бір күн қалада», «Қонақжай отбасы» және басқа да жобалар.**

Министрлік балалардың бос уақытын және демалысын жоғары мәдени деңгейде қамтамасыз ету ұстанымын ұстанады. Бұл бағытта 1-10 сынып оқушылары үшін арнайы «Сенің қуанышқа толы жазғы демалысың» атты GUIDEBOOK буклеті әзірленді. Жинақ бос уақытты сапалы ұйымдастыруға және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған.

Осы Үкімет отырысында баяндама жасаған Туризм және Спорт министрі Ермек Маржықпаевтың баяндауынша:

**– Мемлекеттік спорттық тапсырыс бағдарламасы да жазғы демалыс кезінде жұмысын тоқтатпайды. Бағдарлама аясында 240 мыңнан астам бала 7 мың спорт секциясына тегін қатысады. Бұдан бөлек, «Бурабай-2024» республикалық жартас фестивалі аясында балалар маршруттары ұйымдастырылады. Сондай-ақ 300 бала мен жасөспірімнің қатысуымен «ULY DALA JARYSY» кедергілерді еңсеру жарысы өтеді**.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова оқушылардың денсаулығы және балалардың жазғы лагерлеріндегі сауықтыру шаралары мен санитариялық-эпидемиологиялық талаптар жөнінде баяндады.

**– Жыл сайын емханалар 17 жасқа дейінгі балаларды профилактикалық тексеруден өткізеді. Былтырғы жылы 5,5 млн-ға жуық мектеп жасындағы бала профилактикалық тексеруден өтіп, олардың 9,3%-ында түрлі аурушаңдық белгісі анықталып, 210 мыңы диспансерлік есепке алынды**.

Еліміздегі балалар балабақшаға қабылданарда, мектеп табалдырығын аттар кезде және бала физиологиялық өзгерістерге ұшырайтын 14-15 және 16-17 жастағы жасөспірім кезінде профилактикалық тексеруден өтеді. Анықталып отырғанындай балалар арасында кезігетін аурулардың ішінде асқорыту жүйесінің аурулары (9,7%), жүйке жүйесі аурулары (9,1%) және көз аурулары (8,3%) алдыңғы орында тұр.

Осыған байланысты алдағы маусымда ашылатын 10 мың лагерьде 3 млн-ға жуық баланы сауықтыру жоспарлануда.

**– Сауықтыру жұмыстары толыққанды және сапалы жүргізілу үшін лагерь мерзімі басталмай тұрып саяжай лагерлері санэпид талаптарға сәйкестігін растайтын анықтама алулары қажет. Өткен жылғы тәжірибеге сүйенсек, лагерьді ашуға рұқсат алу жұмыстарын уақытылы жүргізу қажеттілігі айқындалады. Мәселен, 2023 жылы рұқсат алуға берілген өтініштердің 10%-ы (21) кемшіліктердің анықталуына байланысты қабылданбады»**, — дейді Денсаулық министр.

**– Жазғы сауықтыру ұйымдарының жұмысына шағым болған жағдайда ауызша немесе жазбаша шағыммен жүгінуге болатындай етіп санэпидбақылау комитеті жанынан жедел желі ұйымдастырылды. Жоғарыда аталып өткен мәселенің маңыздылығын ескере отырып, өңірлерде маусым басталғанға дейін ғимараттарды жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, аумақты тазалап, әрі абаттандырып, қызметкерлерді оқыту керек. Балалар демалысқа келгенге дейін санэпид қорытынды алуды қамтамасыз етуі қажет**, — дейді А.Әлназарова.

Осы Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде шикізаттық емес экспортты ілгерілету, оқу жылының аяқталуы, каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру туралы мәселелер қаралып, тиісті тапсырмалар берілді.

– **Қазір біздің алдымызда биылғы оқу жылын нәтижелі аяқтау және балалардың жазғы демалысын сапалы ұйымдастыру, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті бар. Қорытынды іс-шаралар, салтанатты аттестат табыстау рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылуы қажет. Ысырапшылдыққа, даңғазалыққа шектеу қоюды, мерекелік кештер ұйымдастыруға қатаң тыйым салуды тапсырамын. Оқу жылының аяқталуына орай атқарылатын жұмыстарға мүдделі облыстық басқармалар, департаменттер, қала және аудан әкімдіктері жұмылуы, арнайы жоспар әзірлеуі қажет. Жазғы тынығу лагерьлерінің дайындығына қатысты анықталған кемшіліктерді 1 апта ішінде шұғыл қалпына келтіріп, 25 мамырға дейін сақадай сай болуын қамтамасыз етіңіздер. Балалардың жазғы демалысын жоғары деңгейде ұйымдастыруда ешқандай мәселе болмауы тиіс. Лагерьлерге бару-қайту кезіндегі жол қауіпсіздігі назардан тыс қалмасын.**

**Алдағы күндері студенттер де оқу жылын аяқтап, ауылдарына қайта бастайды. Түнгі уақытта кафе, мейрамхана, компьютерлік клубтарға бақылауды күшейту қажет. Оқыс оқиғалар мен топтық төбелестің алдын алуға учаскелік полиция қызметкерлерін жұмылдырып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіздер»,** – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жиында облыс әкімі балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда «Адал адам» рухани-мәдени орталықтарының әлеуеті барынша пайдаланылуы керек екенін атап өтті. Каникул уақытына арналған арнайы жоспар әзірлеп, ондағы шараларды үйлестіруді жүктеді. Сондай-ақ, тынығу лагерьлерінде балаларға берілетін азық-түліктің сапасына, жарамдылығына мониторинг жүргізіп, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігін қатаң бақылауда ұстау қажет екенін назарға салды.

## ҮДЕРБАЕВ БАЯНДАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қорқыт Ата» әуежайы жаңа терминалы аумағын абаттандыру барысымен танысты.

"УАД" ЖШС басшысы Мұрат Үдербаев құрылыс алаңындағы жұмыстарды баяндады.

Нысан таяуда ел игілігіне табысталады. Жобаға бағытталған 20 млрд. теңгенің 15 млрд. 700 млн. теңгесі Болат Өтемұратов қорынан бөлінген. Жергілікті бюджеттің 4 млрд. 300 млн. теңге қаржысы инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және кәріз желілерін, автожол жүргізуге жұмсалды.

Қазір әуежай және оған іргелес аумақ абаттандырылуда. Осы аумаққа 615 шаршы метр гранит жабыны, 16,2 шаршы метр асфальт, 4038 шаршы метр кеспетас және 3630 шаршы метр қиыршық тас төселуде. «Қызылорда қаласындағы әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру құрылысы» жобасына 634 050 млн. теңге бөлініп, 4 жолақты, ұзындығы 480 метр, әр жолақтың ені 3,5 метр болатын жол салынуда.

Аймақ басшысы жұмыс сапасына баса мән беріп, мерзімінде аяқталуын қадағалауды ескертті.



# "ТҰРАН" ТАЛАНТТАРЫ

**Кешегі өткен мәдениет пен өнер күні мерекесі салтанатында өмір бойы осы салаға қызмет етіп келе жатқан бір топ қызылордалық өнерлі жандар мен мәдениет саласының майталмандары "Тұран" сыйлығымен марапатталды**

### ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ «ТҰРАН» СЫЙЛЫҒЫМЕН:

**НАУРЫЗБАЕВА** Рахат – Балалар ақыны, педагогика ғылымдарының докторы. «Ақ батамен өс балам», «Алма берсем аласың ба?», «Ару Мәншүк», «Сенің ұяң» балаларға арналған өлеңдер жинағының авторы.

**ҰЗАҚБАЕВ** Бегімбай – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері. Тарихи кітаптар мен Жалаңтөс Баһадүр жайлы тарихи романның авторы.

**АБЫЛАЕВ** Толыбай – Ақын, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі. «Махаббат дәптері», «Мерей», «Қыран шайыр», «Алақанымда Арал», «Шағала», «Арал көшіп келеді», «Аралдан соққан жел» атты жыр жинақтарынын авторы.

**АЯШҰЛЫ** Дүйсенбек – Ақын, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі. «Өрағыс», «Жұлдызым жоғары» жыр жинақтарының авторы.

**ТІЛЕУБЕРГЕНОВ** Достық – Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жазушы Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері, Бірнеше жыр жинақтарының авторы. Халықаралық, республикалық поэзия байқауларының жеңімпазы.

**ӘУЕЗОВ** Елубай Жұманұлы – Ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Халықаралық «Бейбітшілік әлемі», қазак шығармашылық бірлестігінің «Шолохов» атындағы медалінің иегері. «Мен таныған тылсым», «Түпсана жаңғырығы», «Мәнгі аңсар», «Жанымның жарығы», «Жан алабындағы Бакыт» атты жыр жинақтарының авторы.

**ӘБІЛДА** Ғазиза – Ақын, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі. «Таңсәрі», «Сезім-керуен», «Қыр гүлі» жыр жинақтарының авторы.

**ӘМІР-ТЕМІР** Хұсейін Жүсіпұлы – Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Құрмет орденінің иегері, Қызылорда облысының, Құрметті Азаматы.

Хұсейін Жүсіпұлының режиссерлығымен 170-тен аса спектакльдер сахналанып, Түркия, Ұлыбритания, Шотландия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Татарстан елдерінде өткен халықаралық театрлар фестивалінде жүлделі орындарды иеленді. Ол Сыр театрының ғана емес, қазақ өнерінің дамуына орасан зор үлес қосқан өнер иесі.

**АЛМАТОВ** Алмас Нұрмаханұлы – Жырау, фольклортанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы.

Сыр елінде Қорқыт бабадан бастау алған жыршылық дәстүрді насихаттаушы. Қазақтың жыраулық өнерін Жапония, Түркия, Франция, АҚШ, Италия, Швейцария, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан елдерінің өнер сүйер қауымына таныстырып келеді. Биылғы Руханият жылында облыс орталығында ашылған Жыраулар үйінің тұжырымдамасын жасақтауға үлес қосты.

**АРТЫҚБАЕВА** Алмагүл Шымбергенқызы – Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының әртісі, Мәдениет қайраткері.

Театрда 50 жылға жуық қызмет жасап, түрлі жанрдағы 100-ден аса келелі образдарды сомдап, театр өнерінің дамуына елеулі үлес қосып келеді. Театр ұжымымен республикалық,халықаралық фестивальдерге қатысып, «Үздік әйел» номинациясын иеленген. Алмагүл Шымбергенқызы биыл мерейлі 70 жасқа толып отыр.

**ЫДЫРЫСОВ** Серік Махмудұлы – Айтыскер ақын, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Мәдениет саласының үздігі, Облыстық, республикалық айтыстардың жүлдегері. Ұлттық өнерімізді ұлықтап, айтыс өнерінің дамуына, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге өзіндік үлес қосып келеді. «Жақсы екен», «Өмір толқыны», «Көшенейге арнау», «Текей батыр», «Екі дос» атты терме- толғалауларының авторы.

**ӘБЖӘЛЕЛОВА** Зағипа Бегманқызы – Жаңақорған аудандық архив филиалының басшысы. Архив ісі қызметінде 30 жылдан астам еңбек етіп, саланың дамуына зор үлес қосып келеді. 2023 жылдың қорытындысымен Жаңақорған аудандық архиві облыс архивтері арасында «Үздік архив» болып танылды.

**МЕДЕУОВА** Үміт Еменқызы –Облыстық филармония әншісі, Мәдениет қайраткері. Өнер саласында 30 жылдан аса қызмет жасап, облыстық филармония ұжымымен облыс аудандары мен елді мекендерде және Өзбекстан, Қырғызстан елдері мен Оренбург қаласында концерттер беріп, қазақ өнерін алыс-жақын шетелдерде танытып келеді.

**ӘЛІШ** Сәукен Әлмамбетұлы – Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, «Қорқыт ата» атындағы Қазалы аудандық музыка мектебінің директоры. «Тәуелсіздік толғауы» республикалық композиторлар конкурсының үш мәрте лауреаты. Шығармалары «Құрманғазы», «Отырар сазы», Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрлерінде орындалуда.

**ӘБЖӘЛИЕВ** Ерғазы – Облыстық филармония жанындағы «Әдемі» балалар театр студиясының режиссері. 35 жылға жуық Сыр өнерінің дамуына қызмет жасап келеді. Ерғазы Әбжәлиев 15-тен аса шетел драматургтерінің балаларға арналған пьесаларын қазақ тіліне аударып, 30-дан аса спектакльді сахналаған.

**НҰРЛИЕВА** Ақмарал Тасполатқызы – Облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасында брайлист-кітапханашы. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға Брайль жүйесінде әдістемелік құралдар дайындап ұсынуда. Абай Құнанбаевтың 45 қара сөзін Брайль жүйесіне аударған.

### ОБЛЫСТЫҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ НАГРАДАСЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН:

**ӘЖИЕВА** Қарлығаш Исақызы – Режиссер, Мәдениет және ақпарат министрінің кеңесшісі,Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Астана қаласында өткен Қызылорда облысы Өнер күндерінің гала-концертіне режиссерлық жасап жоғары деңгейде өтуіне белсенділік танытты;

**МАҚАШ** Талғат Бақытбекұлы – Облыстық филармония басшысы, Мәдениет қайраткері

**СЫЗДЫҚОВ** Әбілқайыр Әбілпаттаұлы – Жаңақорған аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы;

**БИМБЕТОВА** Шолпан Тілеубайқызы – Жыршы, Құрмет орденінің иегері марапатталды.

**ҚАНАТБАЕВА** Эльмира Қожасқызы – «Қалалық мәдениет үйі, клубтар және халықтық ұжымдарының» кәсіпорын директоры, Мәдениет саласының үздігі. Қызылорда қаласы мәдениетінің өркендеуі жолында 30 жылдан аса қызмет жасап, өнер рухын көтерген көптеген жобаларды жүзеге асырған білікті ұйымдастырушы, кәсіби маман.

**ЕРНИЯЗОВ** Үкітай Айжігітұлы – Әнші, композитор, «Найзағай көңіл», «Бозторғай ана», «Кейде бір ағалар болады», «Сен сүйген ару» атты хит әндердің авторы. Бүгінде Үкітай Айжігітұлының әндерін қазақ эстрада әншілері республикалық сахналарда орындап келеді.

**КӘРІБОЗҰЛЫ** Бағдат - Әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

**ӘЛБАТЫРОВА** Роза - Қолөнер шебері, Қазақстан Қолөнершілер одағының мүшесі марапатталды .

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ЕҢБЕК АРДАГЕРІ» ТӨСБЕЛГІСІМЕН:

**ИБРАГИМОВА** Гүлнар Мұхамедиярқызы – Мәдениет саласы ардагерлері бастауыш ұйымының төрайымы марапатталды.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ» ТӨСБЕЛГІСІМЕН:

**ТӨЛЕПОВ** Серік Садықұлы – Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының әртісі.

**ТӨРӘЛИЕВ** Жеңісбек Үсенұлы – Сырдария аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі.

**ҚАНИЕВА** Күлшара Бөгенбайқызы – Қармақшы аудандық орталықтандырылған кітапханасының директоры.

**АСҚАР** Кенже-Әлі Мақсатбайұлы – Қазалы ауданы Әйтеке би кенттік мәдениет үйінің «Атамұра» ардагерлер халықтық ансамблінің мүшесі.

**БАЙЗАҚОВА** Гүлжан Рахманбердіқызы – Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының бөлім меңгерушісі.

**ДОСЫМОВА** Шолпанай Махмұдқызы – Шиелі ауданы, Досбол ауылдық клубының директоры.

**ЗЕЕВА** Айзада Шамшыраққызы – Қазалы ауданы, Кәукей ауылдық клубы әдіскері.

**ЕРАЛИЕВ** Муат Есқалиұлы – Арал ауданы, Аманөткел ауылдық мәдениет үйі жанындағы халық театрының өнерпазы.

**МИРМАНОВ** Нәку Бахаутдинұлы – Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің әртісі.

**СҮГІРБАЙ** Марат Бердібайұлы – Жыршы, облыстық филармония әртісі;

**АХМЕТОВА** Әлия Маратқызы –«Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблінің концертмейстрі.

**АБИТОВ** Гафур Муратжанович – Облыстық филармония «Томирис» ансамблінің бишісі.

**ОРАЗҒҰЛОВ** Жарылқасын Қаржаубайұлы – Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің эстрадалық оркестр әртісі марапатталды.

# МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР БАРЛЫҒЫНА БІРДЕЙ ҚОЛЖЕТІМДІ!

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидаттар негізінде көрсетіледі:

- көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;
- мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;
- мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;
- мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;
- мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;
- мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізу Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер: 1) көрсетілетін қызметті берушілер арқылы; 2) Мемлекеттік корпорация арқылы; 3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетіледі.

Бүгінгі таңда Қосшыңырау ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтің 5 түрін көрсетеді:

1. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру
2. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу
3. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою
4. Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру
5. Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату;

Мемлекеттік қызметті электронды түрде алу үшін бар болғаны көрсетілетін қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелуді қажет етеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарты, қағидалары туралы ақпараттар мемлекеттік қызмет алушыларға түсіндіру мақсатында әкімдік ғимаратының кіреберіс қабырғаларына ілінген.

Әкімдік ғимаратының ауласында және ғимарат ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жол қозғалысында қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында пандус, көру қабілеті шектулі азаматтардың қозғалыс жолында арнайы жолдар, электрондық қоңырау (сигнал) қондырғылары орнатылған. Сонымен қатар, ауылдық округі әкімінің аппараты ғимаратында азаматтарға электронды нысанда мемлекеттік қызмет көрсету үшін «өзіне қызмет көрсету» арнайы бұрышы орналастырылған. «Өзіне қызмет көрсету» арнайы бұрышында тұрғындарға қажетті жағдайлар жасалған, яғни, компьютер интернет желісіне қосылып, қажетті құрылғылармен (принтер, сканер, видеокамера, картридер) қамтамасыз етілген.

Округ әкімі аппаратының негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыларға үнемі ыңғайлы жағдай жасау болып табылады.

**С. АБСАДЫҚ**
**Қосшыңырау ауылдық округі әкімінің аппараты КММ-нің жетекші маманы**

# ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ҚАРЖЫСЫ МЕН МИГРАНТТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ

2023 жылдың мамыр айынан бастап «Шағын кәсіпкер әйелдер қоғамы» ҮЕҰ «Қызылорда облысының шекаралас аймақтарында мигранттардың қауіпсіз және заңды көші-қон туралы хабардарлығын арттыру» жобасын жүзеге асыруда. Жобаны Еуропалық Одақ БОМКА-10 бағдарламасы шеңберінде грант схемасы аясында қаржыландырылуда.

Жоба аясында мигранттарға арналған ақпараттар кездесулер ұйымдастырылып, электронды базасы құрылып, тегін арнаулы әлеуметтік қызмет алған барлық мигранттар ақпараттық базаға тіркелді.

Сонымен қатар,аталған жоба аясында үкіметтік емес ұйымында барлық мұқтаж бенефициарларға тегін кеңес беретін білікті психолог, заңгер, әлеуметтік қызметкер және медициналық қызметкер жұмыс істеуде.

Осы жоба аясында ақпараттық материалдар (буклеттер, флайерлер) әзірленіп, оқыту семинарлары өткізілді, өзге елдерден көшіп келушілердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру бойынша облыс көлемінде құқықтық кеңес беру орталықтары ұйымдастырылды, тек Қызылорда қаласында ғана емес және облыс аумағында ақпараттық кеңестер берілді:оның ішінде Жаңақорған, Жалағаш, Қармақшы және Сырдария аудандарында кездесулер өткізілді.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**ҚР Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің 2024 жылғы І жартыжылдық бойынша қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесулерінің өткізу кестесі**

**24.05.2024 жыл**

**сағат 15:00**
ТАСБӨГЕТ КЕНТІ
З.Шүкіров көшесі №8, №11 мектеп-лицейінің маңы

**сағат 17:00**
БЕЛКӨЛ КЕНТІ
Бірлік көшесінің бойында орналасқан демалыс орны

**27.05.2024 жыл**

**сағат 15:00**
АҚЖАРМА А/О
Баймұрат батыр ауылындағы дәрігерлік амбулатория маңы

**сағат 17:00**
АҚСУАТ А/О
А.Найзағараев н/з мекенжайында орналасқан спорт кешенінің маңы

**28.05.2024 жыл**

**сағат 15:00**
ҚОСШЫҢЫРАУ А/О
Досан ауылы, Д. Елеусінов көшесіндегі медициналық бекетінің маңы

**сағат 16:00**
ҚАРАУЫЛТӨБЕ А/О
Абай көшесі №27 мекенжайында орналасқан ауылдық клуб маңы

**сағат 17:00**
ҚЫЗЫЛЖАРМА А/О
Қ.Сексенбаев көшесінде орналасқан тағзым алаңының маңы

**29.05.2024 жыл**

**сағат 15:00**
ҚЫЗЫЛӨЗЕК А/О
Е.Дәуітбаев көшесі №2 мекенжайы, №39 орта мектебінің ауласы

**сағат 17:00**
ТАЛСУАТ А/О
Ақмешіт н/з мекенжайы, ауылдық клуб маңы

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**ҚР Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің 2024 жылғы І жартыжылдық бойынша қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесулерінің өткізу кестесі**

**30.05.2024 жыл**

**сағат 15:00**
АРАЙ ШАҒЫН АУДАНЫ
Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткішінің маңы

**сағат 16:00**
ШҰҒЫЛА МӨЛТЕК АУДАНЫ
Қызылорда ашық университетінің маңы

**сағат 17:00**
С.ТОРАЙҒЫРОВ ПЕН ҚОРҚЫТ АТА КӨШЕЛЕРІНІҢ ҚИЫЛЫСЫ

**Халықпен кездесулер өткізілгеннен кейінгі жергілікті атқарушы органдардың, әлеуетті құрылымдардың/прокуратура, полиция/басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен азаматтарды жеке қабылдауды өткізу кестесі**

**5.06.2024 жыл**

**сағат 16:00-ден 18:00-ге дейін**
«AMANAT» ПАРТИЯСЫ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ ҒИМАРАТЫ

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

**Сыбайлас жемқорлық қоғамдық қарым-қатынас жүйесінде ежелгі заманнан келе жатқан құбылыс. Тарихи процестің барысында, бұл құбылыс әрдайым өзгеріп, саяси және экономикалық тәртіптің күрделенуіне байланысты жаңа түрлері айқындалуда. Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлық бүкіл мемлекеттерде күрделі және өзекті мәселе болуда.**

Осы тұрғыда Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында халықпен кері байланыс орнату үшін азаматтарды жеке қабылдау тұрақты негізде жүргізіліп келеді.

2024 жылдың 18 қаңтарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларында қарастырылған шектеулерді ауыл әкімі аппаратының және бағынысты қызметкерлерге қатаң сақтау жөнінде жиналыс өткізіліп, түсіндірілді.

Жергілікті қоғамдастық мүшелері және ауыл тұрғындарының қатысуымен 2024 жылдың 21 ақпаны күні «Сыбайлас жемқорлықпен күресу баршамыздың міндетіміз» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі екенін және экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектеп, еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендететінін атап көрсету. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауаттылығы деңгейі мен сапасын арттыру, маңыздылығын түсіндіру.

2023 жылға және 2024 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір айларына Ауыл әкімі аппараты бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары сапалы жүргізілді.

**Марат ШИЛДЕБАЕВ**
**Ақсу ауылдық округінің әкімі**

# ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген тұлғалардан жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 29қарашаайы болып белгіленсін.

3. «Жаңақорған ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне осы қаулы қабылданған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде атқарушы органның интернет-ресурстарын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау жұмыстары жүктелсін.

4. Меншік иелері жүгінетін орын Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №44 мекенжайда орналасқан «Жаңақорған ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып белгіленсін.

5. Осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдау Жаңақорған кенті әкімінің аппаратына, Жаңақорған ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары, Жаңақорған ауданының экономика және қаржы, Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс, Жаңақорған ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдеріне, Жаңақорған Телекоммуникация торабына және «Арал» СЖКБД филиалы ЖТСҚ пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесіне жүктелсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің тиісті сала орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Аудан әкімінің міндетін атқарушы Б. ШАРИПБЕКОВ**

*Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2024жылғы20 мамырдағы №104 қаулысына қосымша*

## Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелері

| № | Аты-жөні | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің көлемі, га | Жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың мақсаты мен негіздері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Насирова Гүлмира Асилхановна | 10-149-002-1628 | Жаңақорған кенті, А.Иманов көшесі | 0,0500 | байланыс желілері объектілерінің құрылысы |
| 2 | Бакирова Карлыгаш Амирбековна (Жуманхожаев Курбанхожа Мустафаевич) | 10-149-002-1412 | Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі, «Нұр» базарының арты | 0,0500 | елді мекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы (ойын алаңы) |
| 3 | Дуйсенбиев Бахтияр Абдрасилович | 10-149-003-4162 | Жаңақорған кенті, Ә.Ержігітов көшесі | 0,1000 | магистральдық құбырлардың құрылысы |
| 4 | Дүйсеков Асхат Керимбаевич | 10-149-040-1728 | Жаңақорған ауданы, Батыс Еуропа-Батыс Қытай автожолы бойы | 0,1400 | энергетика жүйелері |
| | **Барлығы** | | | **0,3400** | |

# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Бұл кесел біздің жас мемлекетімізге орасан зор нұқсан келтіріп отыр.Сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті түрі парақорлық, жең ұшынан жалғасып қоғамды жегі құрттай жеуі.Сыбайлас жемқорлықтың зардаптарының бірі демократияның дамуына және қоғамға кері әсер ете отырып, заңға деген көзқарасты кері қалыптастыру.

Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың нысанасы екі негізгі мақсатқа бағытталған: бірінші кішкентай кезінен бастап ұлттық дәстүрді ескере отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, екінші мемлекеттік органдар қызметін қоғамдық бақылауды дамыту.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықпен жан жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ісін қайта қалпына келтіру қажет. Бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс. Алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр, талай сын кезеңдерден өтуге тура келеді және сапалы нәтижеге қол жеткізуіміз қажет.Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**«Қоғалы ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# ҚЫЗЫЛЖАРМА: МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Бүгінгі күні мемлекеттік қызмет көрсетудің басты мақсаттарының бірі- халыққа сапалы қызмет көрсету. «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет көрсетудегі басты мақсаттарының бірі – Қызылжарма ауылдық округінің халқына, аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға, ардагерлерге, мүгедектігі бар адамдарға және өзге де жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.
Осы мақсатта «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 5 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскелерін беру», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату». Мемлекеттік қызметті электронды алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

Тұтынушыларға ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында стандарттарға сәйкес ақпараттық тақтайшалар орнатылған. Сондай-ақ Әкімшілік ғимаратта халықтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда.

**Е.БЕЙБІТ**
**Қызылжарма ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы**

**МЕНШІК ИЕСІ:**
«Желтоқсан и К» ЖШС

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

# МӘДЕНИЕТТІҢ МӘРТЕБЕСІ АРТҚАН МЕРЕКЕ

Сыр өңірінің мәдениет және өнер саласында көптеген жаңалық бар. Биыл мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған «Тұран» арнайы сыйлығы екінші мәрте табысталуда. Жыл сайын білімге құштар жастарға облыс әкімінің 100 гранты берілетіні белгілі. Аталған гранттан бөлек, биыл қабілетті талапкерлерге Қорқыт ата университетінің «Дәстүрлі өнер» мамандығына оқу үшін қосымша 10 оқу гранты бөлінеді.

Сыр өңірінің жазба мәдениетін насихаттайтын «Алаш әдебиеті» музейін ұйымдастыру қолға алынып, жазба жәдігерлерін реставрациялауға арналған архив лабораториясы іске қосылады.

«Руханият жылы» шеңберінде облыстағы 171 мәдениет үйі мен клуб «Адал адам» тұжырымдамасы аясында қайта жаңғыртылуда. Сыр мәдениетінің негізгі брендi, жыраулық дәстүр өкілдерінің ордасы «Жыраулар үйі» ашылды.

Биыл дала ділмары, өз заманының қабырғалы қайраткері атанған Әйтеке бидің 380 жылдығы. Осыған орай тұңғыш республикалық командалық айтыс Сыр өңірінде өткізілді.

Руханият жылы аясында атқарылатын жұмыстар көп-ақ. Сырдария өзенінің сол жағалауынан облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты салынады. Жас ұрпақтың шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы», екі ауданда «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» бой көтеруде.



Мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне шәкірт дайындап үлес қосып келе жатқан Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты да еңсесін тіктеп келеді. Жеті ауданда музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтарын біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтарының іргетасы қаланды.

Мемлекет басшысы түркі дүниесінің темірқазығы Түркістанда өткен құрылтайда заманауи кітапхана жұмысын ұйымдастыру туралы айтқан болатын. Президент тапсырмасына сәйкес 1 маусымнан бастап Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапхана тәулік бойы жұмыс тәртібіне көшеді.

Өткен жылы археолог-ғалымдардың 20 жыл бойы жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде «Сақ жауынгері» мен «Сығанақ ханшайымының» мүсіндері жасалды. Биыл музей қоры «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» алтын жәдігерлерімен толығады. Бұл құндылықтар күз айларында Ұлттық музейдегі көрмеге қойылады.

Былтыр елордада Астана қаласының 25 жылдығына орай «Сұлу Сырдан – ару Астанаға» атты Қызылорда облысының өнер күндері жоғары деңгейде өтті. Халықтың ыстық ықыласы мен қошеметіне ие болған мұндай іс-шара биыл Алматы қаласында ұйымдастырылады.

Соңғы жылдары маңдайы жарқырағанның бірі мәдениет пен өнер. Күні кеше осы салада жүргендердің кәсіби мерекесі аталып өтті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шараға қатысып, Сыр елінің мәдениет қызметкерлері мен сала ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайда «Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас үштағаны деуге болады» деп ерекше атап өтті.

Өңірімізде Мемлекет басшысының қолдауымен бұл бағытта тың жобалар мен серпінді бастамалар жүзеге асырылуда. Ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтап, құндылықтарды дәріптеу мақсатында биылғы жыл аймағымызда «Руханият жылы» деп жарияланды. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Ғалымқызының, мәдениет майталмандарының қатысуымен атаулы жылға тарту ретінде 1000 орындық «Өнер орталығы» салтанатты түрде ашылды. Наурыз айында Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының шешімімен Сыр өңіріне түркі дүниесінің «Ең үздік мәдени аймағы» номинациясы берілді. Бұл – аймақтың Орта Азиядағы рухани, мәдени кемелденген өңір ретінде лайықты бағалануы», – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рамазан Таймановты 70 жас мерейтойымен құттықтады. Алдағы 23-24 мамыр күндері композитор әндерін орындаушылардың республикалық конкурсы өткізілмек.

Жиында өнер иелеріне Қызылорда облысының «Құрмет грамотасы», «Тұран» сыйлығы,  Мәдениет және Спорт министрлігінің марапаттары табысталды, 8 өнер ұжымына 60 домбыра тарту етілді.

Іс-шара соңы жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты. «Қылқаламда мәңгілік ел бейнесі» атты халықаралық симпозиумға қатысушы суретшілердің көрмесі қойылды.

Облыстың мәдениет ұйымдарының мамандары Италия, Беларусь елдерінде біліктілігін арттырды. Еуропадағы белгілі концерттік залдардың озық тәжірибесін жұмыс барысына енгізді.

Биыл зиялы тұлғалардың мерейтойы халықаралық деңгейде атап өтіледі. Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына орай Қырғызстан, Өзбекстан және елімізге белгілі суретшілердің қатысуымен өткен халықаралық симпозиум қорытындыланды. Халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының 250 жылдығына орай дастан орындаушылардың республикалық фестивалі жоспарланды. Қазақстанның Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығы аясында «Соңғы парыз» романы «ТҮРКСОЙ» ұйымының қолдауымен түрік тіліне аударылуда. Жыл көлемінде халықаралық конференция, еске алу шаралары өтеді.

## БАЙЛАНЫСТАҒЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

17 мамыр – Байланыс қызметкерлері күні. Облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов арнайы ұйымдастырылған жиында сала мамандарын кәсіби мерекемен құттықтап, облыс әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Қызылорда облысының әкімдігі тұрғындардың заманауи коммуникациялық қызметтерге қолжетімділігін арттыру үшін байланыс операторларымен тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Бүгінде Мемлекет басшысының интернет және байланыс саласын дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы қабылданды. Алдағы уақытта жоба аясында республикадағы барлық ауылдық елді мекен сапалы байланыспен және интернетпен қамтамасыз етілетін болады.

Қызылорда облысының әкімдігі Цифрлық даму, Инновациялар және Аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, 2024-2027 жылдарға арналған Жол картасы бекітілді.

Қызылорда облысындағы 230 ауылдық елді мекеннің 213-і интернетпен қамтамасыз етілген. Қалған 17 елді мекен жоғарыда аталған Жол картасы аясында интернетпен толық қамтылмақ.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы шеңберінде аймақтағы республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 9 антенна-діңгек құрылысын салу жоспарлануда.

5G жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету жобасы бойынша Қызылорда қаласында 10 базалық станса орнатылып, оның 9-ы іске қосылды.

## КӨБЕЕВТЕР КӨП ЕМЕС...

Байланыс қызметкерлері күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев байланыс саласының ардагері Әбдіхан Көбеевті 90 жас мерейтойымен және бүгінгі кәсіби мерекесімен құттықтады. Іс-шараға ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, Әбдіхан Жұмахметұлының әріптестері қатысты.

Аймақ басшысы байланыс саласының мемлекет пен қоғам өміріндегі маңызды стратегиялық рөлін атап өтіп, мерейтой иесіне ізгі тілегін жеткізді.

Байланыс қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде осы саланың дамуына ерекше еңбегі сіңген ардагер, «Құрмет» орденінің иегері Көбеев Әбдіхан Жұмахметұлының мерейлі 90 жас қуанышына орай жиналудамыз. Аймақтағы байланыс саласының қарқынды дамуына үлес қосқан, байланысшылардың бірнеше толқынын тәрбиелеген ұстаз ретінде сізге алғысымыз шексіз. Тілеулес азаматтардың, ақ адал ниетті жерлестеріңіздің атынан сізді мерейтойыңызбен



*Әбдіхан Жұмахметұлы 1934 жылдың мамыр айында Арал қаласында дүниеге келген. 1953 жылы Ташкент қаласындағы Орта Азия политехникалық институтының «Тау-кен» факультетіне, 1956 жылы Қазақстан, Орта Азия республикаларының байланыс саласына маман даярлау үшін арнайы ашылған электротехникалық байланыс институтына оқуға түсіп, үздік бітірген. Мемлекеттік комиссия жолдамасымен еңбек жолын 1960 жылы Қызылорда байланыс басқармасында инженер болып бастаған. 1961-1970 жылдары Арал аудандық байланыс қызметінің, 1970-1979 жылдары Қызылорда қаласының біріккен байланыс кеңсесінің бастығы болған.*

*Әбдіхан Жұмахметұлы аудан, облыс, республикада өз саласына байланысты ұсыныстарды, атап айтқанда, автоматты телефон стансасын Қызылорда облысында бірінші кезекте салу туралы мәселе көтерген. Негізделген дәлелдердің арқасында облыстағы бірінші АТС-ты Арал қаласында салу жөнінде шешім қабылданып, 1966 жылы жаңа станса іске қосылған. Сонымен бірге облыс аудандарының ішінде бірінші болып Арал қаласында телевизиялық орталық салынып, ел игілігіне табысталған. Ол 1979-1995 жылдары Қызылорда облысының өндірістік-техникалық байланыс басқармасының бастығы қызметін абыроймен атқарды, саланы 34 жыл басқарып, құрметті зейнет демалысына шықты.*

– «Сыр өңірінде адал еңбек, маңдай терімен халықтың құрметіне бөленген жандар жетерлік. Парасат биігіндегі ардақты азаматтарымыздың арқасында әрдайым бекем бірліктің, тату тірліктің үлгісін көрсетіп келеміз. Саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген өздеріңіздей азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырдық.

шын жүректен құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада мерейтой иесіне Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасы табысталды.

Әбдіхан Көбеевті құқық қорғау саласының ардагері Нұрахмет Ералиев, Қызылорда облысының Құрметті азаматтары Биғали Қаюпов, Айтбай Көшербаевтар құттықтады.

## ҚАБЫЛДАУДАҒЫ САУАЛДАР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «AMANAT» партиясы облыстық филиалының қоғамдық қабылдау кестесіне сәйкес кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады.

Тұрғындар денсаулық сақтау, тұрғын үй және жұмысқа орналасу мәселелерін қозғады.

Қабылдауға келіп ұсыныс-пікірін, өтінішін жеткізушілердің сауалдары назардан тыс қалмайды. Әрқайсысы толық зерттеліп, заң аясында шешілу жолдары қарастырылады. Кейбір сұрақтар бойынша түсіндірмені мамандар сол жерде берді. Бірқатарының шешілу жолдары көрсетілді.

Қабылдауда облыс әкімі жауапты басшыларға I топ мүгедектігі бар азаматты тұрақты жұмысқа орналастыру жолдарын қарастыруды тапсырды. Сонымен бірге II топ мүгедектігі бар, асыраушысы жоқ қала тұрғынының баласын облыс әкімінің грантымен медицина академиясына түсіру үшін қажетті шаралар қабылдау міндетін жүктеді.

Сондай-ақ, көп балалы ана мұғалім болып жұмысқа орналасу мәселесін көтерді. Бұл сұрақ заң аясында, конкурс арқылы шешілетіні айтылды.

Тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov.порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

## СУРЕТШІЛЕР СИМПОЗИУМЫ ӨТТІ

Қызылордада «Руханият жылы» аясында аймақ басшысының қолдауымен ұйымдастырылған «Қылқаламда мәңгілік ел бейнесі» атты Халықаралық суретшілер симпозиумы өтті.

Симпозиумда Халық суретшісі Ә.Қастеев бастаған қылқалам шеберлерінің картиналары жас ұрпаққа насихатталып, мәдени мұраны көздің қарашығындай сақтау, бейнелеу өнерінің қазіргі бағыты мен дамуы туралы айтылды.



Салтанатты шарада Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы Ш.Байманов суретшілерге алғыс білдірді.

Халықаралық жиынға Өзбекстан, Қырғызстаннан, сондай-ақ республикаға танымал қылқалам шеберлері мен жергілікті суретшілер қатысты.

Қылқалам шеберлері Сыр өңірінің тарихымен танысып, көрнекті жерлерін аралап, қаланың ескі келбетін және қазіргі өзгерістерді композицияға бейнеледі.

Мәдениет және өнер қызметкерлері күні «Өнер орталығында» өтетін мерекелік салтанатты шарада ұйымдастырылатын көрмемен симпозиум жұмысы қорытындыланды.

## ОТБАСЫЛАР МЕРЕЙІ



Халықаралық Отбасы күніне орай «Отбасы орталығында» зиялы қауым өкілдері, «Мерейлі отбасы» байқауының әр жылдардағы жеңімпаздары, үлгілі және жас отбасылар, ҮЕҰ және БАҚ өкілдері қатысуымен мерекенің мәнін айшықтайтын іс-шара ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысы «Халқымыз қай заманда да отбасы дәстүрін берік ұстанып, қадірлей білген. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет – біздің қанымызға сіңген қасиет» деп айрықша мән беріп келеді.

Отбасындағы тәлім-тәрбие адамның бүкіл бітім-болмысын қалыптастырады. Ақылдың кені – ақсақалдар мен тәлімнің тетігі – аналардан алған үлгі-өнегені ұстансақ, ісіміз ілгерілеп, тіршілігіміз татымды болары анық.

Іс-шарада облыс әкімі аппаратының басшысы, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасы Шахмардан Байманов ұрпақтар сабақтастығын жалғап, қоғамда еңбек құндылығын насихаттаған отбасыларға ізгі ниетін жеткізіп, аймақ басшысының атынан мерекемен құттықтады. Сондай-ақ, дәстүрлі «Мерейлі отбасы» конкурсына құжаттар қабылдау басталғанын хабарлады.

Байқау шарты бойынша аудандық және облыстық комиссияның оң шешімін алған отбасылар республикалық конкурсқа жолданады.

Мерекелік басқосуда сөз алған облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, қоғам қайраткері Ө.Шәменов жарасымды отбасыларға ақ тілегін арнады. Жаңадан отау құрып, шаңырақ көтерген жұптар ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Шараға қатысушыларға облыс әкімдігі атынан Алғыс хаттар мен құттықтаулар табысталды. Жыл сайын атап өтілетін Халықаралық Отбасы күнінде бірлік пен татулық насихатталып, өнегелі отбасылар баршаға үлгі етіле бермек.

# ҚЫЗЫЛОРДА - КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР ҚАЛАСЫ

Отбасы – мемлекет тірегі. «Отан отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Шаңырақтың шырайы мен ынтымағын жарастырып, отбасы мүшелерінің ауызбіршілігін үйлестіріп, ұйытқы болатын ол – ақылғой әже, ақ жаулықты ана. Алтын құрсақты аналарға қандай құрмет көрсетсе де жарасымды. Халықаралық отбасы күні қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері айтулы мерекемен құттықтады.

– Бейбіт тірлік пен берекелі бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің ұйытқысы болған барша қыз-келіншектерге, апа-қарындастарымызға, аяулы аналарымызға шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Сіздер отбасының түтінін түзу ұшырып, ел болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеуде шексіз еңбек сіңіріп келесіздер. Бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін, – деді Айдын Бекенбайұлы. Айта кету керек, бүгінде қаламызда көпбалалы отбасы саны 14907. 2017 жылдан бері 382 ана «Алтын алқа», 1491 ана «Күміс алқа» иегері атанған. Жиында ардақты аналар мен қыз-келіншектерге қала әкімінің құттықтау хаты табысталып, гүл шоқтары мен мерекелік сый тарту етілді.

**Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ**

# 10 МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бастау алды. Бұл бастама Сыр өңірінде де жалғасын тауып, 12 300 орынға арналған. Биыл 10 мектеп, 2025 жылы 11 білім нысаны ел игілігіне пайдалануға беру жоспарлануда. Нәтижесінде, апатты мектептер мен орын тапшылығы мәселелерін оңтайландыруға мүмкіндік болмақ. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов хабарлады.

-Биыл облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде 10 мектептің құрылысы басталады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынатын білім беру ұйымдарын сапалы құрал-жабдықтармен жабдықтау жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде оқушылардың қауіпсіз және ыңғайлы білім алуына мүмкіндік болмақ. Осы жылы пайдалануға берілетін мектептерде оқушылар мен педагогтар саны нақтыланды. Сонымен қатар дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернаты, Шиелі ауданындағы 100 орындық мектеп және жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданында 150 орындық мектептің құрылысы жүргізілуде. Бұдан бөлек Арал ауданы, Тоқабай ауылындағы апатты мектеп және Ақшатау ауылындағы бастауыш мектептің жаңа ғимараты демеушілердің есебінен салынуда. Балалардың қосымша біліммен қамту мақсатында да жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, 350 орындық заманауи Оқушылар сарайы мен жергілікті бюджет есебінен салынып жатқан Жаңақорған ауданында 200 орындық Оқушылар үйі және 50 орындық Өнер мектебі салынуда. Бұл нысандар жаңа оқу жылы қарсаңында ел игілігіне табысталады. Сондай-ақ, биыл балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығында «Шығармашылық академиясын» салу жоспарлануда, - деді Асқарбек Темірбекұлы.

Брифинг барысында басқарма басшысы жазғы тынығу лагерьлерінің жұмысына да тоқталып өтті. Жалпы, өңірде 1-10 сыныпта оқитын 173 мыңнан астам оқушы бар. Бүгінде оның 98 пайызын жазғы тынығу лагері және еңбекпен қамту жоспарлануда. Облыс бойынша жазғы демалысты ұйымдастыруға 2 518 педагог, 38 белсенді студенттер мен 23 еріктi тартылмақ. Одан бөлек қала сыртындағы 8 лагерьде 7 мыңнан астам бала демалса, аймақтан тыс жерде орналасқан лагерьлерде 5 646 оқушы демалыспен қамтылады.

# БИЫЛ 8240 ТҮЛЕК МЕКТЕП БІТІРЕДІ

Санаулы күндерден кейін барлық білім беру ұйымдары оқу жылын қорытындылайды. Биылғы оқу жылында облыс бойынша 330 мектептегі 181 мыңнан астам оқушы бітіреді. Оның ішінде 11-ші сыныпты 8 240 түлек аяқтап, үлкен өмірге қадам баспақ. Ал «Алтын белгіге» үміткерлер саны 589-ды құрайды. Бітіруші түлектер үшін маңызды сәттердің бірі Ұлттық бірыңғай тестілеу басталып та кетті. Тестілеу мерзімі 5 шілдеге дейін жалғасатын болады. ҰБТ-ға мектеп бітуші түлектердің 89,7 пайызы қатысады деп жоспарлануда.

– Осы жылдың 6-14 мамыр аралығында Ұлттық бірыңғай тестілеудің ең маңызды үшінші кезеңіне бітіншілер қабылданды. Мектеп бітушілер осы тестілеудің қорытындысымен берілетін сертификат арқылы мемлекеттік грантқа қатысуына мүмкіндік беріледі. Тестілеу пункттері Қызылорда қаласы, Арал қаласы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті және Жаңақорған кентінде орналасқан. Тағы бір айта кететіні, «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың жазбаша емтихандарын облыстық білім басқармасы жанынан құрылған комиссия тексеретін болады. Бұл «Алтын белгіні» тек лайықтылар алады деген сөз. Яғни, комиссия жұмысында ашықтық пен әділдік қатаң сақталады.

Сонымен қатар биылғы оқу жылының тағы бір ерекшелігі, 27-31 мамыр аралығында 5-8 сынып оқушылары және 10 сынып білім алушылары бірінші рет «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен емтихан тапсыратын болады. Мектеп бітіруші түлектер үшін тағы бір маңызды мәселе – мерекелік іс-шаралар өткізу тәртібі.

Оқу-ағарту министрлігі тарапынан білім беру ұйымдарындағы мектеп бітіру іс-шараларын өткізудің арнайы тұжырымдамасы бекітілді. Осыған сәйкес 24 мамыр күні 1-10 сынып аралығында «Білімім – Отаныма» атты тәрбие сағаты өтеді. Дәл сол күні 9-11 сынып оқушылары «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында эссе жазады. Ал, 25 мамыр күні «Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбында мектеп түлектеріне арналған іс-шара өтеді. Іс-шараға мектеп түлектері міндетті түрде мектеп формасымен қатысуы қатаң бақыланады. Бұдан бөлек мектеп бітіру кештерін өткізуге, қала сыртында экскурсиялар жасауға, мерекелік дастархан ұйымдастыруға қатаң түрде тыйым салынады. Аттестат тапсыру салтанаты шарасы 14 маусым күні «Жолың болсын, Жас түлек!» тақырыбында мектептердің мәжіліс немесе спорт залдарында өтеді, - деді облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов.

# ҚАУІПСІЗДІК САҚТАҒАНҒА СУ ҚАУІП ЕМЕС...

Облыстың су айдындарында, әсіресе, Сырдария өзенінде жылда азаматтардың әртүрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырауы, оның ішінде жаз айларында суға түсу маусымында судағы адам қазасы өзекті мәселе болып отыр. Жыл басталғалы облыс аумағындағы су айдындарында төтенше жағдай болып тіркелген оқиға жоқ, алайда әр түрлі жағдайлар мен оқыс оқиға салдарынан Қызылорда қаласынан 1, Қазалы ауданынан 3, Шиелі ауданынан 1 адам, яғни **5** адам қаза болды, оның **3-і** бала. Барлығы байқаусызда суармалы каналға түсіп кеткен. 2023 жылдың 5 айында **7** адам қаза болды, оның **1-еуі** бала, төтенше жағдай болып тіркелгені 4 оқиға. Өткен жылмен салыстырғанда адам қазасы **28%-ға** төмендеп отыр.

Жалпы 2023 жылы облыс аумағындағы су айдындарында **32** жағдай тіркеліп, **34** адам қаза болды, оның **8-і** бала. Құтқарушылармен 2023 жылы **3** адам адам құтқарылды. Суда адамдардың қаза болуының **негізгі себебі** қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзуы болып табылады. Атап айтсақ:

- өзен немесе каналдардың кез-келген, әрі зерттелмеген, ағысы жылдам, терең, жағалары тік жар жерлеріне суға түсуі; спирттік ішімдік ішіп суға түсуі; балалардың ересектердің бақылаусыз су жағасына баруы мен суға түсуі және олардың жүзе білмегендігі қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтыруда.

Бұларға қоса суға түсуге қауіпті аймақтарда азаматтардың рұқсат етілмеген жүзу құралдарын қолдануы да бақытсыз жағдайлардың санының көбеюіне ықпалын тигізіп отыр. Сонымен қатар жұмыдар мен оқу орындары жастарының жаз айларында табиғатқа шығып демалыстарын өзен мен көлдердің жағасында ұйымдастыруы соңғы жылдары көптеп орын алуда және осындай кейбір демалыстар бақытсыз жағдайлармен аяқталып жатады.

Облыс тұрғындары мен қонақтарының жаз мезгілінде су айдындарындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында департамент бастығының 2024 жылғы 17 сәуірдегі бұйрығы негізінде күнделікті сағат 14:00 мен 21:00-ге дейін облыс аумағында орналасқан су айдындарында жауапты сала мамандарын тарта отырып рейдтік жұмыстар ұйымдастырылуда.

Облыс аумағындағы су айдындарында жыл басынан **893 рейдтік** жұмыстар жүргізіліп, **35 210 тұрғынға,** оның ішінде 12 640 жасөспірімге судағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Сондай-ақ аталмыш профилактикалық жұмыстарға **368 еріктілер** жұмылдырылды. Қызылорда облысының Полиция департаментімен бірлесіп, суға шомылу маусымы кезеңінде Ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу бойынша **4 адамға** ескерту шарасы қөрілді. Балық шаруашылығы инспекциясымен заңсыз балық аулау бойынша **135 дерек** тіркеліп **2 млн 316 мың теңге** айыппұл салынды.

Облыс аумағындағы адам көп шоғырланған орындарда, Арай сити молл ойын-сауық орталығы, дүкендер мен басқа да сауда орталықтарда, базарлар, және темір жол автовокзалдарға дауыс зорайтқыштар арқылы түсіндірме жұмыстары және балық аулаушыларға арналған дүкендерде жадынамалар ілініп, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Білім беру саласындағы бағдарламалық қамтамасыз ету Республикалық «Kundelik.kz» платформасында Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелерін ескертетін ақпараттық жадынамалар орналастырылды. Платформада облыс аумағында орналасқан **295** білім беру орындары және **100 714** оқушы қамтылған.

Облыстың **31 113** оқушысына «Су айдындарынының қауіпсіздік ережелері», «Судан зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету», «Су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары сақталмаған кездегі әкімшілік шаралар» тақырыптары бойынша **93** интерактивтік сабақ және **136** мектептің басшылары мен мұғалімдеріне судағы қауіпсіздік ережелері жөнінде сабақтар өткізілді.

**2023 жылдың 27 қазан күні Қызылорда облыстық маслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі №334 «Қызылорда облысының су объектілеріне ортақ су пайдаланудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, шешімге қосымша облыс аумағында суға шомылуға тыйым салынған 63 қауіпті аймақтың тізімі тіркелді.**

**Облыс аумағымен өтетін Сырдария өзенінің ұзындығы 1274 шақырымды құрайды. Мұнан басқа 19 ірі канал, 220 шағын каналдар және 207 көл облыс аумағында орналасқан.**

Облыс аумағында орналасқан **317** мектеп оқушыларының ата-аналарына «WhatsApp» желісіндегі топтар арқылы балалардың судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау бойынша бейнероликтер мен жадынамалар жариялануда. Сондай-ақ облыстың **245** мектебіндегі қауіпсіздік бұрыштарында судағы қауіпсіздік ережелері бойынша жадынамалар мен үнпарақтар жарияланған.

Жыл басынан су айдындарындағы қауіпсіздік бойынша **9** брифинг, республикалық, облыстық телеарналарда суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша **34** сөз сөйлеу, сондай-ақ баспа басылымдарында «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында **69** мақала жарияланды. Сондай-ақ, Білім басқармасымен бірлесіп 2024 жылдың жаз мезгілінде оқушылардың каникул кезінде «Балалардың сауықтыру ұйымдарында балалардың қауіпсіз демалысын, медициналық көмек пен сауықтыру шараларын ұйымдастыру» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырылды. Облыс аумағындағы 63 қауіпті учаскелерге **264** ескерту тақтайшасы мен **74** билборд орнатылды.

# ЖАҒАЖАЙ ЖАҒАЛАЙМЫЗ...

«Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында жаппай демалуға, туризмге және спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2023 жылғы 13 қаңтарда №7 қаулысына сәйкес 4 коммуналдық жағажай Шиелі ауданында «Ақ орда», Сырдария ауданында «Қалғандария», Қармақшы ауданында «Мұратбаев» және Қазалы ауданында «Қашқан су» белгіленді.

Қазіргі уақытта, Шиелі ауданының «Ақ орда» коммуналды жағажайының орнына, Бәйгеқұм елді мекені «Ханқожа» көлінің аумағынан 0,80 га жер телімі бөлініп, «Ханқожа» көлінде коммуналдық жағажай ашу бойынша жұмыс жасалып жатыр,және 2024 жылғы жазғы шомылу маусымында «Қашқан су» коммуналдық жағажайы учаскесіндегі су деңгейінің төмендеуіне байланысты уақытша жұмыс атқарылмайды.Сырдария ауданында «Қалғандария», Қармақшы ауданында «Мұратбаев» қажетті құрал жабдықтар алынып шомылу маусымына дейін дайындыққа келтіруде.

Жаз мезгілінде су айдындарында азаматтардың сақтауға тиісті қарапайым ережелері:

– Суға тек арнайы рұқсат етілген жерлерде түсу;

– Суға түсу кезінде кемелерге, басқа да жүзу құралдарына жақын бармау;

– Камерамен, тақтайлармен, басқа да жүзуге болмайтын құралдармен суға шомылуға болмайды, ескерту белгілері берілген кезде судан дер кезінде шығу;

– Таныс емес жерлерге, жағалауларға суға сүңгімеу;

– Су температурасы 18 градустан төмен болғанда суға түсуге болмайды.

– Суға сынған банкілерді, әйнектерді лақтыруға болмайды, олар суға түсушілерге қауіпті болады;

– Суда қолдан жасалған жүзу құралдарын пайдаланбау;

– Суға тек қасында үлкен адамдар болғанда ғана шомылу керек, балаларды қараусыз қалдыруға болмайды.

# "СОЛТҮСТІК" ЖҰМЫСШЫ ІЗДЕП ЖҮР...

Азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту – басым бағыттардың бірі. Бұл ретте жыл сайын ұйымдастырылатын Солтүстік өңірлердегі бос жұмыс орындарының жәрменкесі жұмыссыз азаматтарға үлкен көмек беруде. Осыған орай, 16 мамыр күні қаланың сол жағалауында «Жетістіктер алаңы» бос жұмыс орындарының жәрменкесі ұйымдастырылды. Аталған шарада қызылордалықтарға Солтүстік өңірлердегі 3500-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева хабарлады.

– Қаланың сол жағалауында жұмыс күші жетіспейтін өңірлерге қоныс аударуды ынталандыру мақсатында «Жетістіктер алаңы» бос жұмыс орындарының жәрменкесі ұйымдастырылды. Мұнда Солтүстік Қазақстан, Абай, Ұлытау облыстарынан келген делегация мүшелері облыс тұрғындарына тұрақты жұмыс орындарын ұсынды. Қоныс аударуға ниетті бар азаматтардың отбасы мүшелеріне 70 АЕК көлеміндегі бірретік қаржылай көмек беріледі. Сондай-ақ, тұрғын үйді сатып алу және салу үшін ақшалай төлем ретінде экономикалық ұтқырлық сертификаты ұсынылады. Бұдан бөлек ай сайын тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша көмек көрсетіледі.

Брифинг барысында Солтүстік Қазақстан облысы, Ұлытау, Абай облыстарынан келген жауапты сала өкілдері өңірлердегі бос жұмыс орындары мен әлеуметтік көмек туралы айтып берді.

– Солтүстік өңірлерге 2 700-дей адам қоныс аударады деген жоспар бар. Білім мен медицина салаларында бос орындар бар. Сондай-ақ, "Дипломмен ауылға" бағдарламасы бойынша қаладан, ауданнан келетін жас мамандарға қосымша 5 млн. теңге көлемінде қаржы беру қарастырылған. Бұдан да өзге де салаларда бос жұмыс орындары бар. Екі қолға бір күрек іздеп келген мамандарға қолдау білдіруге әрқашан әзірміз, - дейді Солтүстік Қазақстан облысы «Еңбек мобильділігі орталығының директоры Аман Төрегелдин.

– Біздің өңірде мал шаруашылығы қарқынды дамыған. Ауыл ақсақалдары мен көпбалалы отбасылар көшіп келетін болса оларға мемлекеттің қолдауынан бөлек, бес жыл бойы төрт түлікпен қамтасыз етуді көздеп отырмыз. Айта кету керек, былтыр көшіп келген отбасыларға 5 ірі қара мал, 10 ұсақ мал берілді. Біздің өңірге қоныс аударған азаматтарға қолайлы жағдай жасалады, - деді Ұлытау облысының «Еңбек мобильділігі» орталығының директоры Айдар Қойшыбаев.

– Егер Қызылорда облысында жұмыссыз жүрген жандар болса бізде, яғни Абай облысында мемлекеттік жұмысқа орналасам деген жандарға 300-ден астам бос жұмыс орындары қарастырылған. Тағы айта кететін жаңалық, 2023 жылдың қараша айынан бастап Абай облысында "Қандастар мен қоныс аударушыларды бейімдеу және интеграциялау" орталығы ашылды. Мәселен, біздің өңірге қоныс аударған азаматтар облысқа қарасты аудандарға көшуіне мүмкіндік бар. Оларға тұрғын-үй сатып алуға немесе өзі қалаған үйін сатып алуға қаржы бөлінетін болады,- деді Абай облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының бас маманы Дархан Аюпов.

# ДОСТЫҚТЫҢ ОРТАҚ ТІЛІ БАР...

Ел бейбітшілігінің түп тамыры халықтың татулығы мен біртұтастығында екені анық. Бірлікті ту етіп, қоғам ішіндегі ынтымақты үндейтін ұлттық ұстанымды тірек еткен мемлекетіміз бүгінде достық шаңырағының берік тұғырына айналған.

Елімізде тұратын өзге ұлт пен ұлыс өкілдерінің қазақ тілін үйренудегі қадамдарына сүйсінуге болады. Себебі, соңғы жылдары мемлекеттік тілді үйренушілердің қатары молайып келе жатқанына көз жеткізу қиын емес. Тіл – ұлт тарихын ұрпақтан ұрпаққа сабақтастыратын төте жол. Сондықтан да тілі жоқ ұлттың өзі де жоғалады деген тәмсілдің астарында үлкен мән жатыр. Тарихымыздың беттерін парақтасақ, небір нәубетті жылдарды көреміз. Сүргінге толы замандар тіліміздің де жер бетінен жоғалып кету қаупін тудырған еді. Алайда халқымыздың қанындағы қайсарлық, батырлық ешбір елде қайталанбайтын төл мәдениетімізді, тұғыры биік туған тілімізді сақтап қала білді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов өз тілінде сөйлескен халықтың ұлттық болмысы ешқашан жоғалмайтынын айтқан. Сонымен қатар Алаш зиялысы қазақ деген халықтың ұлт боп сақталып тұруы үшін тіліміздің ахуалын қарнымыздың тоқтығын ойлағандай деңгейде ойлауымыз керек екенін жеткізген болатын. Өйткені тіл – адамның адамдық белгісінің ең биік нүктесі. Тарихқа жүгінсек, Қазақстан аумағында 100-ден астам тіл дамып жатыр. Ал еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі дегенді әркім әркалай түсінеді, әркалай ойлайды, әркалай ұғады.

Қазіргі таңда қазақ тілінің даму қарқыны жаман емес, еліміздің қаракөздерінің үлес салмағы артқаны секілді мемлекеттік тілді меңгерген адамдардың қатары да көбейіп келеді. Мемлекеттік тіл мәртебесіне Қазақстанда тұратын, ауасымен демалып, суын ішіп, топырағын басқан кез-келген азамат өз үлесін қосуы – азаматтық және адамдық борышы. Тіл – мемлекеттің тұғыры, тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін білген халқымыз оны ұлттың рухына, казына байлығына балайды. Себебі, тіл-халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, бұл - ана тіліміз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке Республика күні қарсаңында тағайындалған мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарды табыстау рәсімінде сөйлеген сөзінде Қазақстан халқын үйыстыратын тағы бір символ-Мемлекеттік тіл деп айтқан болатын.

- Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді. Мен өз жолдауымда «Өз тілін – бірлік үшін, өзге тілдер – тірлік үшін» деп айттым. Тіл, ұлтаралық қатынас – ішкі тұрақтылыққа ықпал ететін өзара тығыз әрі маңызды факторлар. Сондықтан, мұндай маңызды мәселелерден саяси құрал жасауға болмайды. Осындай қоғамдық тұрғыдан сезімтал мәселелерді саясиландырудың кесірінен кейбір елдер қасіретті жағдайға ұшырады. Бұл – біздің жол емес,-деді Мемлекет басшысы.

Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы отыз жылдан асып барады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жарияланды. Тіл саясаты әр елдің тарихына, демографиялық және діни құрамына, геосаяси жағдайына, білім мен мәдениетінің ерекшеліктеріне, елдегі саяси биліктің ұстанымына байланысты. Тіл – халықтың басты қарым-қатынас құралы. «Бабалы тілсіз болса да, халық тілсіз болмайды» деген Қадыр мырза атамыздың нақылындағыдай, тілсіз халық түгіл жеке тұлға өмірін елестету қиын. Толыққанды адам ретінде өмір сүрудің негізгі кілті – қоршаған ортамен байланыс болса, бұл байланысты қамтамасыз ететін басты элемент – тіл.

Мемлекеттік тіл мемлекеттің тұтас аумағында, болмаса белгілі бір аймағында заңдық мәртебесі мемлекеттегі басқа тілдерден ең жоғары бекітілген тіл. Мемлекеттік тіл – тәуелсіз еліміздің негізгі рәміздерінің бірі болып саналады. Әрбір тәуелсіз, тұғыры елдің туы, елтаңбасы, әнұраны, шекарасы болатыны сияқты мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіліміз егеменді ел екеніміздің бір белгісі. Қазақ тілі тек қазақ халқының тілі емес, Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін әрбір азаматтың тілі. «Тіл – тіршіліктің бастауы» деп бекер айтылмаған. Себебі, адам баласы ес білген кезінен бастап айналадағы жаңа ұғымдарды ана тілі арқылы қабылдап, үйрене бастайды.

Сондай – ақ, тіл – қастерлі де қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ежелден қымбат. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – ана тілі. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі, салт – дәстүрдің одан әрі дамуы, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың ұлы жемісі – ана тілі. Тас бұлақтың тұнығы да сенде, ана сүтінің жұғымы да сенде, райхан гүлдің жұпары да сенде, назды сұлудың нәзіктігі де сенде, сахара даланың жазықтығы да сенде қасиетті қазақ тілім…

Қай елде болса да тіл құдіретті, қастерлі ұғым. Тіл – атадан балаға мирас болып қалатын ең бағалы дүние. Бүгінгі күні зерттеліп, зерделеніп келе жатқан тарихи құндылықтарымызды жүзеге асырылған да тіліміздің, дәстүріміздің кереметін көруге болады. Тіл қашанда халықпен бірге өмір сүреді. Ұлтымыздың болашағын тілімізбен байланыстырамыз. Себебі тіл бар жерде тіршілік бар. Ал ана тілімізді мерейін асқақтатып, сауатты ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі тіл жанашырларының, ұстаздардың басты міндеті болмақ. Әлемдік бәсекеге қабілетті білімді жастарымызбен, өз тілімізді қадірлеп, өзге тілдерді еркін меңгере алған елдің болашағы қашанда жарқын болары сөзсіз.

Жүсіп Баласағұнның: «Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі», - деген сөзін тілге тиек ете отырып жазбамды түйіндеймекпін.

**Ж.БИХОЖАЕВА**

**Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы**

# ВАШ ДОМ - ВАША КРЕПОСТЬ

***Уже давно прошли те времена, когда за разные поломки в многоэтажных домах несли ответственность разные коммунальные службы. Соответственно, они и устраняли все неполадки, и делали плановый и текущий ремонт. Сейчас же специальными Правилами содержания общего имущества объекта кондоминиума установлено, что все эти работы осуществляются сервисной компанией в соответствии с договором, заключенным с правлением или председателем правления кооператива собственников квартир.***

Для того, чтобы нести ответственность за объекты кондоминиума, собственникам многоэтажных жилых домов следует собраться вместе и взять на себя управление содержанием своих домов. Дело в том, что неисправности в жилом помещении, протечка крыш, содержание двора в чистоте и другие вопросы ремонта площадей общей собственности должны быть сделаны за счет средств каждого жителя. Тем не менее, жители многих домов все чаще обращаются с жалобами в акимат и другие соответствующие государственные учреждения, прося решить их проблемы.

На днях состоялось аппаратное совещание под председательством акима города Серика Кожаниязова, на котором были обсуждены два актуальных вопроса. Одним из них касался 150 многоэтажных бесхозных домов, которые расположены в областном центре и не зарегистрированы в ведении кооператива собственников квартир, который должен содержать общее имущество объекта кондоминиума.

Аким города поручил руководителю отдела жилищной инспекции провести соответствующее разъяснение с жителями 150 бесхозных и 279 многоквартирных жилых домов, которые до сих пор обслуживаются организацией «Кызылорда Тазылығы» и до 1 июля этого года организовать выбор организации для управления объектом кондоминиума.

В соответствии с законом «О жилищных отношениях», собственникам квартир на общем собрании необходимо рассмотреть вопросы, связанные с управлением объектом кондоминиума и содержанием общего имущества объекта кондоминиума.



В данное время на территории города имеется 1022 многоэтажных жилых дома, из них 872 обслуживаются кооперативами собственников квартир, а, как мы уже сказали, 150 домов бесхозны.

В приказе Министра промышленности и строительства РК от 22 декабря 2023 года № 149: если собственники квартир, нежилых помещений многоквартирного жилого дома не пришли к единому соглашению на собрании о выборе объекта управления объектом кондоминиума, жилищная инспекция или местные исполнительные органы, осуществляющие функции жилищной инспекции для управления объектом кондоминиума многоквартирного жилого дома на срок до одного года определяет временную управляющую компанию. Указано, что жилищная инспекция определяет временную управляющую компанию для назначения путем размещения на официальном интернет–ресурсе местного исполнительного органа объявления о приеме документов на конкурс.

Второй вопрос, обсужденный на аппаратном совещании, касался развития массового предпринимательства и привлечения инвестиций. В частности, было отмечено, что количество предпринимателей в городе достигло 33 296, из них 93,7% работают стабильно. В этом секторе занято 66 450 человек. На сегодня произведено продукции на сумму 527,4 млн тенге. Также индекс физического объема розничной торговли вырос на 102,4%, оптовой – на 104%.

Объем промышленного производства составил -185,1 млрд. тенге, в том числе обрабатывающей промышленности – 26,6 млрд. тенге. Инвестиции в основной капитал составили 68,1 млрд. тенге.

Кроме того, объем инвестиций рассматривается в рамках модернизации рынков города. Три универсальных рынка на территории города включены в дорожную карту «По модернизации торговых рынков». В рамках этих работ до 2025 года будет выделено 7 млрд. тенге, в том числе 3 млрд. тенге, предусмотрены на текущий год.

Будут продолжены мероприятия по финансированию устойчивого бизнеса и предпринимательских инициатив. В частности, в рамках программы «Ауыл аманаты» планируется реализовать 56 проектов на сумму 612,8 млн. тенге. В рамках программы «Кредит для молодежи» предусматривается финансирование 175 проектов на 875 млн. тенге.

По программе «Государственная финансовая поддержка отраслей экономики, осуществляющих деятельность субъектов частного предпринимательства» предусматривается поддержка средствами субсидирования и гарантирования кредитов 600 проектов.

В завершении аппаратного совещания С.Кожаниязов отметил, что по привлечению инвестиций необходимо знать сегодняшнюю ситуацию в поселках, сельских округах, уточнить систему проведения работ и усилить ответственность.

Кроме того, ответственным отделам поручено организовать системную санитарную очистку, провести тщательную подготовку к празднованию в следующем году 80-летия Великой Победы и сделать капитальный ремонт сквера «Тағзым».

# АКТИВНЫЕ ТЕМПЫ РАЗВИТИЯ

**В Кызылординском городском маслихате состоялся семинар-совещание на тему «Инфраструктура, комфортная для людей. Инициативы для создания благоприятного города». Он был посвящен 30-летию со дня образования в Казахстане местных представительных органов – маслихатов.**

Законом Республики Казахстан от 10 марта 1993 года «О местных представительных и исполнительных органах в Республике Казахстан» были разделены полномочия представительных и исполнительных органов власти. Советы народных депутатов были преобразованы в маслихаты – собрания депутатов. Свою работу маслихаты начали в 1994 году. Именно с того времени идет отсчет деятельности представительных органов власти суверенного Казахстана.

Для участия в семинаре в Кызылорду приехали председатели и депутаты городских маслихатов из восьми областей страны. К слову, Кызылординская область одной из первых в республике организовала семинар такого формата. Перед началом семинара гостей принял аким Кызылорды Серик Кожаниязов, рассказал о крупных инфраструктурных проектах, перспективном плане развития города.

Об основных направлениях социально-экономического развития Кызылорды рассказал заместитель акима Кызылорды Дархан Турсынбаев. Бюджет Кызылорды на 2024 год вместе с уточнениями на сегодня составил 74,3 млрд. тенге. Трансферты из республиканского и областного бюджетов составили 35 млрд. тенге, за счет которых планируется реализовать 100 проектов. В 2023 году на левобережье Кызылорды начато строительство шести семиэтажных жилых домов. В этом году на завершение этих проектов выделено 1,7 млрд. тенге. Ведется работа по покупке у застройщиков домов для 200 семей из категории социально уязвимых и 135 семей, единственное жилье которых признано аварийным. На эти цели выделено 4,2 млрд. тенге бюджетных средств.

Кроме того, на проведение работ по капитальному ремонту детских игровых площадок во дворах 25 многоэтажных жилых домов на территории города из областного бюджета предусмотрено 1 млрд. тенге. На строительство 10 остановок, отвечающих современным требованиям, из местного бюджета предусмотрено 52,5 млн. тенге.

- Прошлый год был полон успехов, - отметил докладчик. - Наша экономика выросла в разы, достигнув продуктивного роста во всех сферах по уровню развития. Это результат сплоченной и эффективной работы. Объем обрабатывающей промышленности – 5,3%, привлечение инвестиций – 36,5%, объем строительных работ – 28,2%, объем введенного в эксплуатацию жилья – 3,2% и объем торговли – 2,4%, валовая продукция сельского хозяйства – 100%.

По городу Кызылорда на установку столбов уличного освещения на 54 улицах из республиканского бюджета выделено 1,3 млрд. тенге, ведутся строительные работы. На 1,8 млрд. тенге, выделенных из областного бюджета, начаты работы по строительству пешеходных дорожек на 40 улицах города общей протяженностью 48 км, на текущий ремонт фасадов и крыш многоквартирных жилых домов выделено 979,3 млн. тенге. Кроме того, работа по модернизации не останется без внимания.

Что касается проекта газификации, то из городского бюджета выделено 140,9 млн. тенге на строительство нового газопровода в аульном округе Акжарма в населенных пунктах Баймурат батыр, Талдыарал и на участок Торттам. Всего на проект «Ауыл - ел бесігі» выделено 1 млрд. 234 млн. тенге на 16 проектов. Для завершения проектов в республиканский бюджет подано бюджетных заявок на сумму 4,6 млрд. тенге, из областного бюджета на софинансирование – 587 млн. тенге, - сообщил заместитель акима города.

Активными темпами идет строительство социальных объектов, в том числе учреждений образования и здравоохранения. В новом городе на левобережье идет строительство Дворца школьников, школы-интерната физико-математического направления на 400 мест с общежитием на 300 мест. До конца года объекты будут сданы в эксплуатацию.

В этом году будут сданы в эксплуатацию пять школ, строящихся в рамках национального проекта «Комфортная школа», еще три школы в рамках данного проекта будут завершены в следующем году.

Начато строительство нового корпуса музыкального колледжа. Здание стоимостью в 4,8 млрд. тенге появится на левобережье Кызылорды. На начало проекта выделено 904 млн. тенге из областного бюджета.

Строятся объекты здравоохранения. В этом году будет завершено строительство Центра крови. Важный для сферы медицины региона объект также строится на левобережье города. Его стоимость – 2,9 млрд. тенге. Также активными темпами идет строительство многопрофильной



больницы на 300 коек с поликлиникой на 100 посещений в смену проектной стоимостью 36,4 млрд. тенге.

Уделяется большое внимание строительству спортивных и культурных объектов. Дан старт строительству Центру настольного теннисного центра стоимостью 2,7 млрд. тенге, часть средств выделит фонд «Самрук- Казына». Развитию физической культуры и спорта, несомненно, окажет новый стадион на семь тысяч. Его строительство обойдется в 21 млрд. тенге, из них 14,1 млрд. тенге выделены на текущий год.

Один из значимых проектов, который окажет большое влияние на снижение энергозависимости Кызылординской области, - строительство теплоэлектроцентра мощностью 240 мегаватт турецкой компанией «Акса энерджи» стоимостью 125 млрд. тенге. Планируется, что он будет запущен в 2025 году и обеспечит город качественной тепловой и электрической энергией.

В ближайшие дни будет сдан новый терминал аэропорта «Коркыт ата». Его проектная стоимость - 20 млрд. тенге, из которых 15,7 млрд. тенге выделены Фондом Булата Утемуратова. Остальные 4,3 млрд. тенге, выделенные из местного бюджета, направлены на строительство инфраструктуры и благоустройство, в том числе подведение воды, газа, электричества, тепла, дорог. Также недавно на левобережье Кызылорды появился новый автовокзал.

В скором времени завершится реконструкция центральной площади. На придание ему нового облика направлено около 1,8 млрд. тенге, из которых один млрд выделил местный предприниматель Аскар Аубакиров. Идут работы по реконструкции Ботанического сада перед университетом имени Коркыта ата.

По направлению развития дорожно-транспортной инфраструктуры будет построен автодорожный мост через канал «Кызылжарма» по проспекту «Тәуелсіздік 25 жыл». На это из областного бюджета выделено 142,8 млн. тенге. В настоящее время определен подрядчик, в ближайшие дни начнутся строительно-монтажные работы.

Начаты работы по расширению 2-полосных главных улиц города на 4-полосные. На сегодняшний день на реконструкцию улицы Ходжи Ахмеда Яссауи протяженностью 2,9 км стоимостью 3 млрд. тенге и улицы Е. Кушербаева протяженностью 2 км стоимостью 434,4 млн. тенге из республиканского и областного бюджетов предусмотрено 1 млрд тенге. На строительство дороги от пр. Н.Назарбаева до пр. Тәуелсіздік из республиканского бюджета выделено 100 млн. тенге, из областного бюджета 284,5 млн. тенге, всего 384,5 млн. тенге, ведутся строительные работы.

На территории города будет проведен средний дорожный ремонт 42 улиц протяженностью 46,3 км на общую сумму 4,7 млрд. тенге. На средства, выделенные из областного бюджета, ведутся работы по укладке щебня на 72 улицах. Кроме того, на капитальный ремонт 5 улиц Кызылжарминского аульного округа из областного бюджета выделено 587 млн. тенге.

Работа по благоустройству также набрала обороты. При спонсорской поддержке мецената Аскара Аубакирова ведутся работы по благоустройству центральной площади на 1 млрд. тенге и 800,8 млн. тенге, выделенных из областного бюджета. Строительство центральной площади с современным дизайном планируется завершить летом.

Д.Турсынбаев подробно рассказал о проектах по реконструкции дорог и улиц Кызылорды, а так же о работах по озеленению, благоустройстве города. Для проведения таких работ из одного источника в прошлом году в городе было создано коммунальное государственное учреждение «Жасыл Кызылорда».

Новый дизайн-код города представил заместитель акима города Айдос Кентугаев, курирующий сферы строительства, архитектуры и градостроительства, сельского хозяйства и земельных отношений.

- Дизайн-код должен быть примером внешнего фасада зданий нашего города на протяжении многих лет, его цвет, материалы, используемые для строительных работ, в том числе размещение рекламы на фасадах зданий различной формы на одной высоте, на одном уровне и объеме, унификация фасадов, архитектура улиц должна быть единообразна по утвержденном образцу. Это - светильники, брусчатка, мусорные баки, и многие другие необходимые объекты городских локаций, которые вместе создадут гармоничный облик областного центра, - отметил А.Кентугаев в своем докладе.

Далее в ходе семинара с докладом о бюджетном планировании и контроле над его исполнением выступила председатель постоянной комиссии при областном маслихате Балжан Шаменова. Она отметила эффективную работу, проводимую по поручению акима области по вопросам повышения бюджета и эффективного его освоения. За последние три года в бюджете Кызылординской области наблюдается значительный рост. В 2023 году бюджет области превысил 601,3 млрд. тенге. Это на 55,3% больше, чем объем бюджета 2022 года.

- При этом следует отметить упорный труд и большой профессионализм акима области Нурлыбека Налибаева. По поручению главы области по региону обобщены актуальные вопросы, разработаны проектно-сметные документы, проведена системная работа с соответствующими министерствами. В результате увеличилась доля проектов, финансируемых из республиканского бюджета. Свою лепту в увеличение бюджета вносят также Кызылординские депутаты Парламента и руководители отраслей. Кроме того, для повышения эффективности бюджетных средств создана рабочая группа под руководством председателя Постоянной комиссии областного маслихата по экономике, социальным и правовым вопросам, в состав которой вошли представители заинтересованных областных управлений, которые провели изучение расходования и целевого использования бюджетных средств, выделенных по отраслям. В итоге удалось сэкономить огромные средства. В частности, изучено соответствие средств, выделенных организациям образования области по нормам бюджетного законодательства, в результате чего внеплановые средства, то есть 12,9 млрд тенге в сфере образования и 3,8 млрд тенге в сфере спорта возвращены в бюджет. Сэкономленные средства идут на решение первоочередных вопросов региона, - пояснила Балжан Шаменова.

С работой Кызылординского городского маслихата участников семинара-совещания ознакомил его председатель Ибадулла Куттыхожаев.

***

В целом, гости дали высокую оценку архитектурному облику, благоустройству и чистоту областного центра.

**Анар Даржанова, председатель маслихата города Актобе:**

- Я приехал из Актобе. У нас 32 депутата. В этом году мы собираем председателей, депутатов маслихатов из разных регионов, обмениваемся опытом. Это очень важно. Надеемся, что эта тенденция будет продолжаться и дальше. Что мне особенно понравилось в Кызылорде, так это масштабная реализация социальных проектов в городе, решение проблем общественного транспорта, строительство дорог и разных объектов. Все это мы взяли себе в пример.

**Темирболат Жанболатович, председатель Талдыкорганского городского маслихата:**

- Очень порадовала забота местных предпринимателей о родной земле. В этом году, как известно, проходит семинар-совещание, посвященное 30-летию маслихатов РК. И началось все с города Кызылорда. В дальнейшем такие встречи состоятся и в других регионах. По каждому городу поднимаются актуальные вопросы, рассказывается о проводимой работе, депутаты делятся мнениями. Для нас это хорошая возможность обменяться опытом с коллегами. Я заметил, что я был очень рад, что граждане-предприниматели в Кызылорде внесли свой вклад в развитие своего региона и всей нашей большой страны.

**Дастан Алтаевич, председатель Кокшетауского городского маслихата:**

- Я впервые приезжаю на землю Сыра. Мне здесь очень понравилось. В глаза бросается чистота улиц, благоустройство, вновь построенные здания города. Мы также видели терминал аэропорта, который скоро будет введен в эксплуатацию. В целом, проекты, реализуемые в Кызылорде довольно масштабны, полезны и перспективны. Думаю, этот прекрасный город продолжит так же уверенно расти и развиваться на благо своим гражданам. Люди в Кызылорде очень гостеприимные. Спасибо всем.

**Кобланбек Кожин, председатель Павлодарского городского маслихата:**

- В Кызылорде прошел замечательный семинар-совещание. Организовано все было на высоком уровне. В первый раз я посещал этот город в 2015 году. С тех пор он сильно изменился, чему я даже удивился. Благодаря компетентности, умениям руководителей регионов и городов реализуется множество проектов. Идет оперативное и повсеместное решение разных проблем. Это огромный труд, который приносит ощутимые плоды. В следующем году мы планируем продолжить такой семинар в нашем регионе.

Во второй половине дня участники семинара побывали на строительных площадках Кызылорды, ознакомились с работой стекольного завода, рисоперерабатывающего завода ТОО «Магжан и К», центра «Отбасы орталығы». Они ознакомились со строительством нового терминала аэропорта «Коркыт ата», оценили работу «Ситуационного центра» акимата области, посетили жилищно-строительный комбинат, центр «Анаға тағзым», многоэтажный жилой дом с современным панельным фасадом, ознакомились с ходом работы домов и дворовых открытых игровых и спортивных площадок, недавно построенного автовокзала и своими глазами увидели темпы развития Левобережья.

Участники семинара отметили эффективность открытия коммунального государственного учреждения «Жасыл Кызылорда»для озеленения города. Отметили большой вклад кызылординских предпринимателей в благоустройство родного края и их активность в строительстве социальных объектов. Также были отмечены особенности эффективного освоения бюджета и развития города. В завершении участники выразили уверенность в том, что обмен опытом на семинаре-совещании окажет положительное влияние на работу по созданию благоприятной среды для жизни населения во всех населенных пунктах страны, а также дали положительную оценку развитию города.

Итоги семинара подвел председатель городского маслихата Ибадулла Куттыкожаев, и выразил уверенность, что такого рода мероприятия укрепят сотрудничество между маслихатами и предоставят широкие возможности для обмена опытом.

*Кітапхана*

# АЖАЛДАН ҚАШҚАН ПЕРІШТЕ

**Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ**

Оспановтар отбасына бір үлкен уайымның іліккеніне де бірнеше айдың жүзі болды. Жәй уайым емес, бас қатырар, қабырға қайыстырар ауыр қайғы. Осы үйдің келіні Балхадишаның бойына үшінші перзент қалай бітті, солай бұлардың бастарына қара бұлт үйрілген. Қалыпты жағдай болса, бұл өзі – қайғы емес, қуанатын нәрсе ғой. Қазақтың баяғы заманы баста тұрса мұндайда ағайын-туысты жинап «қарын той» жасап та жіберер еді. Амал не, бұл күнде болашақ сә- бидің қуанышы айықпас қайғыға айналып отыр.

Неге олай дерің бар ма, соңғы жылдарда шыққан бұл елдің заңы солай. Аспан асты біздікі дейтін астамшыл мемлекет өздері де байқамай, халқының санын миллиардтан асырып жіберіпті ғой. Енді тізгінді тежемесе болмайды. Туатын баланың санына шек қою керек. Мемлекет бойынша қытай отбасына бір бала, қазақ сияқты аз ұлттарға екі бала. Одан асырсаң басыңа пәле тілеп алғаның: қомақты айып төлейсің, қызметіңнен қуыласың. Күнкөрістен қағылып қана қоймай, саясатқа қарсы адам ретінде әр алуан тергеу-тексеруден өткізіп, ит терісін басыңа қаптайды.

Ұрпақ қамы үшін бұл отбасы оған да көнуге бар еді. Бірақ бұлардың соған қолы жетпей отыр ғой. Бұларды одан да қатал жаза күтіп тұр. Үшінші баланы қайткен күнде де жарық дүниеге әкелмеу керек екен. Бұл елде оның амал-айласы көп-ақ: түсік тастатады, одан уағы өтіп кетсе, анасының ішінен жарып алады. Екі қабат әйелдер ерекше тізімде. Жасыру мүмкін емес, жас әйелдерді ай сайын келіп, тексеріп тұрады. Болашақ сәбидің көзін құртқанша, полиция мен акушер дәрігерлерде тыным жоқ.

Не керек, осы заң алғаш шыққаннан бері медиктер жас нәрестелерді қынадай қырды ғой. Алдымен пышаққа түсетін – бұрын мұндайды көрмеген, сақтануды да білмейтін қазақ әйелдері. Ата-анадан, күйеуінен рұқсат сұрау жоқ. Ауыл әйелдерін арбаға тиеп алып кетеді де, екі-үш күннен соң білгенін істеп қайтарады. Ал бұған дейін көп құрсақ көтеріп, жатыры жұқарған әйелдер мұндайды көтере алмай өліп кетеді екен. Оған жауапкер болатын ешкім жоқ. Алла-ай, анасынан жарып алған, не зорлап босандырған сәбилер іштен шырқырап, жылап түседі дейді. Бірақ оларға да рақым жоқ, шаранасы кеппеген күйі шұқырға тастай салады. Қытайда бір науқан басталса, оны қостайтын белсенділері де дайын тұрады. Ұранға үн қосып, өзін піштірген еркектер мен жатырын будырып тастаған әйелдер қаншама. Оралбай піштірілген бір еркекті өз көзімен көрді. Әтекке айналған еркектің рухы сөніп, еңсесі мүлде түсіп кетеді екен...

Осындайларды естіп-біліп, көріп жүрген Оралбай қарт келіні Балхадиша ауыр аяқты дегенді ести салысымен, қалада тұратын ұл мен келінді бастауышта оқитын екі қызымен бірге ауылға көшіріп алған. Ауылы алыс емес-ті, Шәуешектен он шақырымдай жердегі Жалғызағашта. Баласы Қабдірақым содан бері, амал жоқ, қаладағы қызметіне екі аяқты мотосекілін дырылдатып, ауылдан қатынап жүр.

Оралбайдың ойы іске асса, келінін ауылда босандырып, немересін ешкімнің көзіне түсірмей сіңіріп әкетпек. Жеке қожалығы бар, аумақты қоражайда өздері ғана тұрады. Кейін бала мәселесі сөз болса, «Құдай, жарылқап, бәйбішемнің өзі туып алды» дей салмақ.

Апырай, бұл қазаққа төнген зауалдың алды-арты бола ма, жоқ па?! Ана бір жылдары, «халық коммунасы» кезінде үй басы түтін шығартпай, ортақ қазанға телміртіп, бір қорлап еді, мынасы одан да өтіп кетті. Әйтпесе, ұрлық қылған адамша өз балаңды ел көзінен жасырып, ұрлап тудырды деген не сұмдық?! Болашақ ұрпақ жарық дүниеге келмей жатып пышаққа түсетіндей, ол нәрестелердің жазығы не? Бұл елде көп болса, қытай көп шығар, Шыңжаңдағы бір миллион қазақ кімнің қазанына түсіпті? Кімнен тамақ сұрапты? Қайта, сол ішкерідегі қалың қытайды осы ел етпен, астықпен қамдап отырған жоқ па?

Өз басы жетпеген соң, университет бітірген оқымысты ұлы Қабдірақымнан сұрайды ғой. Ол да ызадан жарыла жаздап жүрсе керек, жауабы тым қапалы әрі қысқа болды:

– Ой, көке, бұл елде миллиардтан астам халық барын жаңа біліп жүрсің бе? Сондықтан бізде адамның бағасы тым арзан! – дейді, түр-тұлғасы әкесінен аумай қалған, отыздың ішіндегі жас жігіт. – Мәселен, кассада мың-миллиярд доллары бар бай адам бір теңгені ақша деп санай ма, бұл да сол сияқты. Қытайда адам көп, жер тапшы, дүниеге артық ауызды әкелгісі келмейді.

– Ендеше, өз қытайын шектей берсін, қазақта несі бар? – дейді ұлының жауабына көңілі толмаған Оралбай. – Менің немерем Қытайдың ырысын іше ме?

– Не істейсің, заң жұрттың бәріне ортақ.

Әсілі, Оралбайдың тұрмыс-күйі жаман емес-ті. Ана жылы осы маңайдағы қалың төртуыл Қазақстанға қопарыла көшкенде, бұл Үрімжіде оқитын жалғыз ұлына қарайлап, өз қыстауынан қозғалмай қалып қойған-ды. Елден айрылып, құлазып қалғаны болмаса, мұндағы тірлігі жаман болған жоқ. Алды-артына қарамай асығыс көшкен елдің жұртында көп мал, дүние-мүлік қалмады ма, сол иен қалған дүниеден біраз дәулет жинап алған. Кейін реформа тұсында өз алдына жеке қожалық құрып, дөңгеленіп байып алды... Байлықты қойшы, тәйірі, дүние – қолдың кірі. Ендігі арманы – сол дүниеге ие болатын мұрагер немере сүю. Шүкір, қолдары құр емес, Қабдірақымның үйелмелі-сүйелмелі екі кішкентай қызы бар. Үлкені – бесіншіде, кішісі – үшіншіде оқиды. Алайда, қыз бала – жат-жұрттық қой. Әзірше сенің балаң болғанымен, кейін өз өрісін тауып кетеді... Дегенмен, Алла-Тағала осы жолы Оралбайдың тілегін беретін сияқты. Жақында Қабдірақым келіншегін қаладағы таныс дәрігеріне ертіп барып, узиге түсірген екен, іште қошқардай ұл жатқан көрінеді. Тәңірім-ай, кішкентай шүметайы әлден-ақ көрініп тұр дейді.

Соны естігендегі Оралбайдың қуанышын айтып сұрама! Дереу бір ақсарбасын айтып сойып, бірүйлі жан кішігірім той жасаған... Бірақ осыдан кейін-ақ Орекеңнен маза кетті. Енді ол болашақ немеренің өмірін сақтап қалудың әралуан жолдарын ойластыра бастаған. Бір інісі мен қарындасы ана жылғы «көшпен» бірге Қазақстанға өтіп кеткен. Анда-санда хат келіп тұрады. Айтыстарына қарағанда, шекарадан тым алыстап кетпей, мына тұрған Үріжарға қоныстанған көрінеді. Енді, міне, олардың да бір кәдеге жарайтын кезі келді. Оралбай шамасы келсе, келіннің айы-күні жеткенше, ұл мен екеуін арғыбетке асырып жібермек. Сол үшін, Қабдірақымға өзі айтып отырып, туыстарына хат жаздырды. Солар «жедел түрде Балхадиша мен Қабдірақымға шақырту қағаз жіберсін» деген. Екеуі аман-есен арғыбет асып, Оралбайдың немересі атажұртқа барып тусыншы! Бәләм, қытайлар не істей алар екен?!

Содан бері де екі-үш айдың жүзі болды. «Шақырту» деген пәлесі келмей жатыр. Сақтық үшін туыстарына ұл мен келіннің жедел жолаушылау себебін ашық айтпаған-ды. Ондағылар арқаларын кеңге салып, «күзге дейін бір келер» деп отыр ма, кім білсін. Ал таяуда жазған хаттарында «бұрынғыдай емес, қазақ өкіметі «шақырту» алуды қиындатып жіберді. Бір кісіміз Астана жақта сол қағаздың соңында жүр» депті. «Ашқа тартқан – кешке тартады» деген осы да... Оралбайдың ойынша, сондағы қазақ өкіметі шеттегі қандастарына салғырт қарайтын сияқты ма, қалай? Ана жылы баланы шектеу заңы шығып, қытайлар іштегі нәрестені шетінен қырып жатқанда, «Қазақстан өкіметі қазақ салтына, әрі адамшылыққа қарсы бұл заңға наразылық білдіріп, өз қандастарына ара түседі екен» деген бір дақпырт сөз шыққан-ды. Бірақ ол үміт ақталмады. Шыңжаңдағы бір миллион қазақтың жас төлін қытайлар көктей орып жатқанда, бір ауыз сөз айтуға жарамады ғой.

«Қаупің неден болса – ажалың содан» деген ғой. Сөйтіп жүргенде, Оралбай отбасына аяқастынан қауіп төніп, іс шатаққа айналды. Қанша жасырғанмен, бұл күнде кімнің аузына қақпақ боласың. Оралбайдың да өзіне жетерлік баққұндес, қаскөйлері бар болатын. Бар болсаң көре алмайтын, жоқ болсаң бөліп бере алмайтын сол баяғы қазақ. Қаланың бергі Қарадөң жақ шетінде бір алыпсатар танысы болушы еді. Таныс болғанда, ит қасынысқандай, сауда-саттық байланыс. Бір күні «көкке шыққанды» сылтауратып, қасына әйелін ертіп, сол келе қалыпты. Оралбай сыр алдырмай, етін асып, арағын құйып, күтіп аттандырған. Олар айы-күні жетіп отырған Балхадишаны көрді, әрине. Үшінші баланың заңнан тыс екенін де іштеріне түйіп қойды... Не керек, солар аттанып кеткен соң, арада екі-үш күн өтпей, қала жақтан бір топ адам сау ете түсті ғой... Сөйтсе, әлгі алыпсатар тыңшы көрінеді. Қытайда ежелден бері келе жатқан «Баужа тәртібі» бойынша, әр он үйге бір тыңшы қойылатын бір тұтас жүйе бар-тұғын. Сірә, сол жүйе әлі де жұмыс істейтін болса керек.

Келгендер – екі қытай, бір қазақ. Үштің бірі – әйел екен. Олар тақ бір ұрыны қылмыс үстінде ұстағандай қаһарына міне келді. Қалалық туыт бақылау комитеті- нен келдік дейді. Ұрсу-зеку, қорлау өз алдына, Балхадишаны дереу қалаға апарып, ішіндегі баласын жарып алмақ. Бейне, баланың иесі солар сияқты. Қабдірақым қаладағы жұмысында болатын. Оралбай қазіргі саясатты да, мыналардан құтылу оңай болмасын да біліп тұр. Алайда, жорта білместікке салынып, ауылдың оқымаған, қараңғы шалының кейпіне кіріп алды.

– Ау, сендердің қандай қақыларың бар менің немеремде? – деген дауысын көтере кіжініп. – Менің келінім қанша бала туса да өз еркі емес пе?

Мұның айтқан сөзін тілмәш қазақ қытайшаға аударып, сонан соң олардың сөзін бұған қазақша түсіндіргенше біраз уақыт өтті. Сол баяғы мың рет естіген жарапазан. Мемлекет саясаты, ұлттар теңдігі... Оралбай бәрін біліп тұрса да, өп-өтірік түсінбестікке салып тұр.

– Өзге жұртты не қылсаң да өзің біл, менің немеремде шаруаларың болмасын. Мен балаларымды өзім бағып-қағамын. Өкіметтен көк тиын көмек сұрамаймын. Отбасын асырауға малым да, жерім де жетеді! – деп қасарып тұрып алды.

Бұл аралықта дәрігер әйел Балхадишаны оңаша бөлмеге апарып, тексеріп жатқан. Бір уақытта далаға шығып:

– Іштегі нәрестеге – жеті ай. Босануына әлі екі ай уақыт бар, – деді топ бастығына баяндап.

– Бәрібір анасын қалаға әкету керек! Баланы жарып алғаннан басқа амал жоқ, – деді орсақ тіс қытай дәрігері қатулана сөйлеп.

Бұл кезде енесі Айтбүбімен қолтықтасып, Балхадиша да далаға шыққан. Бәденді жас әйелдер екі қабат кезінде толысып, тіпті әдеміленіп кетеді ғой. Балхадишаның да сондай бір нұрлана толықсып тұрған шағы еді. Тек, қарақат көздерінде қорқыныш аралас үрей бар. Тәңірім-ай, екі қабат әйелге «ішіңдегі балаңды жарып алам» деп, тап-тап бергенді кім көрген? Мұндай да зорлық болады екен?!

– Қабдірақымға телефон соқтым, ол да келіп қалар, – деді Балхадиша атасының қасына келіп.

– Қорықпа, балам, мен тірі тұрғанда ешкім де сені бұл жерден әкете алмайды! – деді Оралбай әлденеге тас бекініп. Сонан соң дәрігерлерге бұрылған. – Былай іс- тейік: сендер осы баланың орнына маған айып салсаңдар қайтеді? Бір бала қанша тұрады өзі? Екі есе бағасын төлеп, сатып алайын! – деген шын ниетімен.

Оның сөзін аударма арқылы ұғынған қытай дәрігері бірден бас тартты. Алдымен қазақ шалының қараңғылығына үшеуі қарқылдап күлісіп алды.

– Жоқ, болмайд! – деді топ бастығы түсін суыта, басын шайқап. – Баланы сатады, біздікі бас кетеді. Ондай заң жоқ.

Осы мезетте қала жақтан мотосекілін дырылдатып, Қабдірақым да жетіп еді. Оған да оңай дейсің бе, өңтүсі қашып, құр сүлдері тұр.

– Сен мыналармен өз тілінде сөйлесші, – деді Оралбай баласына жігер бере сөйлеп. – Келінді қалаға апарып, жеті айлық баланы жарып алмақ... Өздері мынаған көне ме екен? Балхадиша осында аман-есен босансын. Сонан соң баланы қайда әкетсе де өздері білсін.

Қабдірақым дәрігерлермен қытайша балдырласып, недәуір ұзақ сөйлесті. Әйелінің баланы жарып алудан қорқатынын, соған байланысты әкесінің өтінішін айтып жатса керек. Осылайша, екі жақ біраз ырғасқан соң, ақыры дәрігерлер әйелді үйде босандыруға мақұл болды. Аттанарда топ бастығы Оралбайға бұрылып:

– Ақсақал, сіздің сұрауыңыз бойынша, келініңізді үйде босандыруға келістік. Бірақ оған дейін сіздер жақтан мала-матан болмасын. Туатын күні жақындағанда, біз қаладан дәрігер жібереміз! – деді қысық көзі қитарлана, түсін суытып.

Сонымен, қаладан келген жанналғыштар аттанып кеткен. Алқымнан алып, қысқаштай қысқан рақымсыз қолдан босанғандай, үй иелері аз да болса тыныстап қалды.

– Шал-ау, не білген ойың бар? Көзге көрінген соң ол «күшікті» көзің қиып, өкіметке қалай бере салмақсың?- деді манадан бері сөзге араласпай үнсіз тұрған Оралбайдың бәйбішесі Айтбүбі.

– Шұрқ етпе, бәйбіше! Бала олардың қолына тимейді... Ол туралы менің бір ойым бар, – деді Оралбай сол түнерген қалпы, артық сөзге бармай.

*(Жалғасы бар)*

# СЕМЬЯ – ОПОРА ГОСУДАРСТВА

«Что увидит птенец в гнезде, то он и будет делать, когда вылетит». Не случайно родилась эта народная мудрость. Пример старших в семье заразителен. Хороший пример – дети растут здоровыми душой и телом, дурной пример – знай, что пойдут по жизни, как говорится, с вывихом души. Ведь именно в семье закладываются основы воспитания, прививаются моральные качества и необходимые навыки, которые помогут реализовать себя во взрослой жизни.

И важную роль в воспитании  детей играет мама. Ее стараниями дети учатся ходить, говорить, усваивают первые правила поведения. Именно она служит надежной опорой своим детям, всегда готова помочь м в случае необходимости.

На прошлой неделе в честь Международного Дня семьи руководитель городского отдела общественного развития Айдын Кайруллаев поздравил обладателей женщин, обладательниц подвесок «Алтын алқа» и «Күміс алқа» со знаменательным праздником.

–Выражаем искреннюю признательность всем девушкам, сестрам, мамам и бабушкам, которые стали источником мира и единства, веры в светлое будущее. Вы оберегаете семейный очаг и неустанно трудитесь над будущим страны – воспитанием подрастающего поколения. От всей души поздравляю вас с сегодняшним праздником, желаю вам здоровья, благополучия вашим семьям, – сказал Айдын Букенбаевич.

Стоит отметить, с 2017 года обладателями подвесок «Алтын алқа» стали 382 матери, «Күміс алқа» - 1491 мать. На мероприятии почетным мамам вручили поздравительные письма акима города, букеты цветов и праздничные подарки.



# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

Мемлекеттік тіл мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңында айқындалған. Мемлекеттік тіл елдің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сондай-ақ, бүгінгі таңда қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру мәселесі елімізде елеулі тілдік реформа басталғаны өздеріңізге мәлім. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек.

Мемлекеттік тіл жалпы мемлекеттік саясатқа, ҚР Конституциясына негізделеді. Теория және практика жүзінде де қазақ тіліне мемлекеттік тіл ретінде басымдық берілді. «Тілдер туралы» заңмен, мемлекеттік бағдарламалар арқылы тілді қолдау жүзеге асырылып келеді.

Әлемде 100-ден астам елдің мемлекеттік тілі бар және ол жалғыз ғана тіл. Бірқатар елдерде бірнеше тіл мемлекеттік тіл болып есептеледі. АҚШ-та ортақ мемлекеттік тіл жоқ, бірақ әр штатта мемлекеттік тіл америкалық тілі (ағылшын), сондықтан, ол тіл мемлекеттік тіл қызметін атқарады. Енді бірқатар мемлекеттерде арнайы заңды мемлекеттік тіл болмаса да, мысалы, Швеция, Люксембург, Эритреяда бір негізгі тіл қызмет атқарады, өмірдің өзі сол басым тілді пайдалануға икемдейді. Ол елдерде басқа тілдерде жарияланатын ресми құжаттардың тізімі бекітілген.

Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмаймыз.

Қазіргі таңда мемлекет біздерге үш тілді білуді міндеттеп отыр. Менің ойымша, егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам деп ойлаймын. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы  кеңейеді.

Сондықтан мен өз замандастарымды «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қ.Мырзалиев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуге шақырамын.

**Ә.ТӨЛЕГЕН**

**Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы**

# ХАБАРЛАМА!

## Қызылорда облысы Жалағаш ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің тізбесі

| № | Жер учаскесінің орналасқан орны | Жер учаскесінің көлемі, гектар | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Жер пайдалану құқығы | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Алқаптардың құрамы | Бонитет балы | Өңірдің ауылшаруашылығына мамандануы | Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі аумағы | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | құмшауыт | Жайылымы 288 га, басқа алқаптары 12 га | 2 | Мал шаруашылығы | Жоқ |
| 2 | Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі, «Қанқожа» учаскесі аумағы | 258 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | жеңіл сазды | Жайылымы 209 га, басқа алқаптары 49 га | 5 | Мал шаруашылығы | Бар |
| 3 | Жалағаш ауданы, Аққыр ауылдық округі, «Аққыр» каналының оңтүстік-шығыс беті | 500 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | жеңіл саздақты | Тыңайған 89 га, жайылымы 347 га, басқа алқаптары 64 га | 1 | Егін, мал шаруашылығы | Бар |
| 4 | Жалағаш ауданы, Аламесек ауылдық округі, «Оңтүстік коллектор» мен «Бөлебай» каналының қиылыс аумағы | 134 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | ауыр сазды | Жайылымы 111 га, басқа алқаптары 23 га | 6 | Мал шаруашылығы | Бар |
| 5 | Жалағаш ауданы, Аламесек ауылдық округі, «Торанғыл» учаскесі аумағы | 41 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | жеңіл сазды | Жайылымы 33 га, басқа алқаптары 8 га | 2 | Мал шаруашылығы | Бар |
| 6 | Жалағаш ауданы, Аламесек ауылдық округі, №4 ауыспалы егіс жүйесі | 341 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | орташа сазды | Егістігі 281 га, басқа алқаптары 60 га | 22 | Егін шаруашылығы | Бар |
| 7 | Жалағаш ауданы, Ақсу ауылдық округі, «Байбыхан» каналының батыс беті | 40 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | ауыр сазды | Тыңайған 21 га, жайылымы 12 га, басқа алқаптары 7 га | 1 | Егін, мал шаруашылығы | Бар |
| 8 | Жалағаш ауданы, Ақсу ауылдық округі, К-1 қашыртқысының шығыс беті | 43 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | ауыр сазды | Жайылымы 37 га, басқа алқаптары 6 га | 18 | Мал шаруашылығы | Жоқ |
| 9 | Жалағаш ауданы, Қараеткен ауылдық округі, «Бұқарбай» каналының батыс беті | 300 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | ауыр сазды | Жайылымы 297 га, басқа алқаптары 3 га | 5 | Мал шаруашылығы | Бар |
| 10 | Жалағаш ауданы, Қараеткен ауылдық округі, «Ақшал» учаскесінің батыс беті | 110 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | орташа сазды | Жайылымы 101 га, басқа алқаптары 9 га | 12 | Мал шаруашылығы | Жоқ |
| 11 | Жалағаш ауданы, Жаңаталап ауылдық округі, «Оңтүстік коллектордың» солтүстік беті | 200 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | ауыр сазды | Жайылымы 164 га, басқа алқаптары 36 га | 2 | Мал шаруашылығы | Жоқ |
| 12 | Жалағаш ауданы, Таң ауылдық округі, №6 ауыспалы егіс жүйесі | 30 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы | орташа сазды | Егістігі 25 га, басқа алқаптары 5 га | 19 | Егін шаруашылығы | Бар |

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылғы «24» маусым сағат $9^{00}$ - ден бастап 2024 жылғы «15» шілде сағат $19^{00}$ - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі №12 мекен-жайындағы Жалағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында 2024 жылғы «16» шілде күні сағат $15^{00}$ - де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде;

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы №7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2024 жылғы «16» шілде сағат 1600-ге дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің орналасу сызбасын Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен көруге болатындығын хабарлаймыз. Байланыс телефоны: 8(72431) 31-9-78, 8(72431) 31-8-88.

# ИЗВЕЩЕНИЕ!

## Перечень земельных участков, выставленных на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по Жалагашскому району, Кызылординской области

| № | Расположение земельного участка место | Площадь земельного участка, гектар | Целевое назначение земельного участка | Право землепользования | Качественная характеристика почв | Состав угодий | Балл бонитета | Сельскохозяйственная специализация региона | Возможность обеспечения водой |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Жалагашский район, территория Аккырского сельского округа | 300 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | супесчаный | Пастбища 288 га, прочие угодья 12 га | 2 | Животноводство | Нет |
| 2 | Жалагашский район, Аккырский сельский округ, участок «Канкожа» | 258 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | легко-суглинистая | Пастбища 209 га, прочие угодья 49 га | 5 | Животноводство | Есть |
| 3 | Жалагашский район, Аккырский сельский округ, юго-восточная сторона канала «Аккыр» | 500 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | легко-глинистая | Залеж 89 га, пастбища 347 га, прочие угодья 64 га | 1 | Растениеводства, животноводства | Есть |
| 4 | Жалагашский район, Аламесекский сельский округ, район пересечения «Южного коллектора» и канала «Болебай» | 134 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | тяжело-суглинистая | Пастбища 111 га, прочие угодья 23 га | 6 | Животноводство | Есть |
| 5 | Жалагашский район, Аламесекский сельский округ, территория участка «Торангыл» | 41 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | легко-суглинистая | Пастбища 33 га, прочие угодья 8 га | 2 | Животноводства | Есть |
| 6 | Жалагашский район, Аламесек-ский сельский округ, севооборот №4 | 341 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | средне-суглинистая | Пашня 281 га, прочие угодья 60 га | 22 | Растениеводства | Есть |
| 7 | Жалагашский район, Аксуский сельский округ, западная сторона канала «Байбыхан» | 40 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | тяжело-суглинистая | Залеж 21 га, пастбища 12 га, прочие угодья 7 га | 1 | Растениеводства, животноводства | Есть |
| 8 | Жалагашский район, Аксуский сельский округ, восточная сторона коллектора К-1 | 43 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | тяжело-суглинистая | Пастбища 37 га, прочие угодья 6 га | 18 | Животноводство | Нет |
| 9 | Жалагашский район, Каракеткенский сельский округ, западная сторона канала «Бухарбай» | 300 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | тяжело-суглинистая | Пастбища 297 га, прочие угодья 3 га | 5 | Животноводство | Есть |
| 10 | Жалагашский район, Каракеткенский сельский округ, западная сторона участка «Акшал» | 110 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | средне-суглинистая | Пастбища 101 га, прочие угодья 9 га | 12 | Животноводство | Нет |
| 11 | Жалагашский район, Жанаталапский сельский округ, северная сторона «Южного коллектора» | 200 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | тяжело-суглинистая | Пастбища 164 га, прочие угодья 36 га | 2 | Животноводство | Нет |
| 12 | Жалагашский район, Танский сельский округ, севооборот №6 | 30 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет | средне-суглинистая | Пашня 25 га, прочие угодья 5 га | 19 | Растениеводства | Есть |

Конкурс проводится в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 «об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Прием заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства осуществляется в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалагашского района» по адресу: Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Желтоксан №3 с $9^{00}$ часов «24» июня 2024 года до $19^{00}$ часов «15» июля 2024 года.

Проведение конкурса начнется «16» июля 2024 года в $15^{00}$ часов в зале заседаний акимата Жалагашского района по адресу: Кызылординская область, Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Айтеке би №12.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

14. В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

15. В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: 16-00 часов «16» июля 2024 года (указывается точная дата).

Сообщаем, что схему расположения земельных участков, выставленных на конкурс, можно посмотреть в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалагашского района», расположенном по адресу: Жалагашский район, поселок Жалагаш, улица Желтоксан №3.

Контактный телефон: 8(72431) 31-9-78, 8(72431) 31-8-88.

# СЕМИНАР-КЕҢЕСТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ НЕДЕ?..

***Биыл еліміздегі мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толуына орай Қызылорда қаласында «Халыққа қолайлы инфрақұрылым. Жайлы шаһар жасау бастамалары» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Оған республиканың сегіз өңірінен келген қалалық мәслихат төрағалары мен депутаттары қатысты.***

***Ақтау, Орал, Ақтөбе, Тараз, Талдықорған, Көкшетау, Семей, Павлодар қаласынан келген халық қалаулылары ең алдымен қала әкімі Серік Қожаниязовтың қабылдауында болды. Шаһар басшысы қаланың даму барысына тоқталып, өзара пікір алмасты. Мұнан соң семинар-кеңес өтті. Жиынға қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев төрағалық етті.***

***Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарлары Дархан Тұрсынбаев, Айдос Кентуғаев «Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары туралы», Қызылорда қаласының сәулеттік келбетін жаңғырту, «Дизайн код» жобасы жайында және облыстық мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы Балжан Шәменова «Бюджетті жоспарлау, орындалуын бақылау» мәселесі бойынша баяндама жасады.***

*– Өткен жыл толайым табыстарға толы болды. Экономикамыз еселеп артып, даму деңгейі бойынша барлық салада өнімді өсімдерге қол жеткіздік. Бұл – бірлік пен тынымсыз тірліктің нәтижесі. Өңдеуші өнеркәсіп көлемі 5,3, инвестициялар тарту 36,5, құрылыс жұмыстарының көлемі 28,2, пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемі 3,2 пайызға және сауда көлемі 2,4 пайызға артты, ауылшаруашылығының жалпы өнімі 100 пайыз құрады.*

*2024 жылға бекітілген қала бюджеті 58,2 млрд. теңге болса, бүгінгі күні 74,3 млрд. теңгеге нақтыланды. Оның ішінде қала бюджетіне республикалық және облыстық бюджеттен 35 млрд. теңге трансферт бөлініп, 100 жоба жүзеге аспақ.*

*Тұрғын үй бойынша былтыр құрылысы басталған Сырдария өзенінің сол жағалау бөлігінде 7 қабатты 84 пәтерлі ипотекалық 6 тұрғын үйдің құрылысын жалғастыруға биыл облыстық және қалалық бюджеттерден 1,7 млрд. теңге қаралды. Сонымен қатар осал топтағы отбасыларына 200 пәтер және жалғыз баспанасы апатты деп танылған тұрғындарға 135 пәтер сатып алуға 4,2 млрд. теңге бөлінді. Бұдан бөлек қала аумағындағы 25 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдарына күрделі жөндеу жүргізуге облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге қаралып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі заман талабына сай 10 аялдама салу үшін жергілікті бюджеттен 52,5 млн. теңге қаралып отыр.*

*Қызылорда қаласы бойынша 54 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін республикалық бюджеттен 1,3 млрд. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Облыстық бюджеттен бөлінген 1,8 млрд. теңгеге жалпы ұзындығы 48 шақырым болатын қаланың 40 көшесіне жаяу жүргіншілер жолы салынуда. Көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 979,3 млн. теңге бөлінді. Оған қоса модернизация жұмысы да назардан тыс қалмайды.*

*Газдандыру жобасына келсек, Ақжарма ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр, Талдыарал елді мекендері және Төрттам учаскісіне жаңадан газ құбырын жүргізуге қалалық бюджеттен 140,9 млн. теңге бөлінді. «Ауыл – ел бесігі» жобасына барлығы 16 жобаға 1 млрд. 234 млн. теңге бөлінді. Жобаларды аяқтау үшін республикалық бюджетке 4,6 млрд. теңгеге, облыстық бюджеттен қоса қаржыландыруға 587 млн. теңге бюджеттік өтінім ұсынылды*, – дейді қала әкімінің орынбасары.

Білім нысандарына тоқталсақ, Сол жағалаудан құны 2,4 млрд. теңгені құрайтын Оқушылар сарайы және құны 7,9 млрд. теңге болатын 300 орынға арналған жатақханасы бар 400 орындық физика-математикалық мектеп-интернатының құрылысы биыл аяқталып, ел игілігіне табысталады. Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша бастау алған білім нысандарының 5-ін биыл аяқтау жоспарланып отыр. Қалған 3 мектептің құрылысы келер жылы аяқталады. Осындай халық сұранысына қажетті ғимараттардың құрылыстары биыл да жалғасуда. Яғни сол жағалаудан құны 4,8 млрд. теңгені құрайтын музыкалық колледждің құрылысы қарқын алды. Оның алғашқы жұмыстарына облыстық бюджеттен 904 млн. теңге бөлінді.

Денсаулық, спорт нысандары бойынша құны 2,9 млрд. теңге болатын облыстық Қан орталығының құрылысын аяқтау биылға жоспарланған. Жоба құны 36,4 млрд. теңгені құрайтын ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсектік көпбейінді аурухана да салынуда. Спорттық ойындардың бірі үстел теннисі де бас шаһарда дамитын болады. Сол жағалаудан жаңа Үстел теннисі орталығының іргетасы қаланды. Бюджеті 2,7 млрд. теңгені құрайды, оның жартысы «Самұрық қазына» қоры арқылы бөлінді. Сонымен қатар дәл осы аумақтан құны 21 млрд. теңге болатын 7000 орындық стадионның құрылысы басталды.

Инфрақұрылымды дамытуға келсек, облыс әкімінің үйлестіруімен «Акса энерджи» түрік компаниясы құны 215 млрд. теңгеге, қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу электр орталығының құрылысын бастады. Ол 2025 жылы іске қосылып, қаланы сапалы жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етеді деп жоспарлануда. Меценат Болат Өтемұратовтың қолдауымен басталған, құны 15,7 млрд. теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы да таяу күндері алғашқы жолаушыларын қабылдайды. Сырдария өзенінің сол жағалауынан іргесі қаланған жаңа Автовокзал пайдалануға берілді. Құны 975 млн. теңгені құрайтын сапаржайды барлық стандарттарға сай деуге болады.

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағыты бойынша «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылының бойында «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автожол көпірі салынбақ. Оған облыстық бюджеттен 142,8 млн. теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда мердігер мекеме анықталып, жақын күндері құрылыс-монтаж жұмыстары бастау алады.

Қаланың негізгі көшелерінің бірі болып саналатын 2 жолақты көшелерді 4 жолақтыға кеңейту жұмыстары қолға алынды. Бүгінгі таңда жоба құны 3 млрд. теңгені құрайтын, ұзындығы 2,9 шақырым болатын Қожа Ахмет Яссауи көшесі және құны 434,4 млн. теңгені құрайтын ұзындығы 2 шақырым болатын Е.Көшербаев көшесін қайта жаңғырту үшін республикалық және облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге қаралып отыр. Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейін жол салуға республикалық бюджеттен 100 млн. теңге, облыстық бюджеттен 284,5 млн. теңге, барлығы 384,5 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Қала аумағындағы ұзындығы 46,3 шақырымды құрайтын жалпы сомасы 4,7 млрд. теңгеге 42 көшені орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 72 көшеге қиыршық тас төселуде.



Сонымен қатар Қызылжарма ауылдық округіндегі 5 көшені күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 587 млн. теңге қаржы бөлінді.

Абаттандыру жұмысы да қарқын алды. Меценат Асқар Әубәкіровтың демеушілігімен 1 млрд. теңгеге және облыстық бюджеттен бөлінген 800,8 млн. теңгеге Орталық алаңға абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Заманауи дизайнмен жасалып жатқан Орталық алаңның құрылысы жазда аяқталады деп жоспарлануда. Қорқыт ата университеті және демеушілер қолдауымен Қорқыт ата университетінің ботаникалық саябағын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Қаланы көгалдандыру мақсатында «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылды.



Қаланы аралау барысында қала қонақтары Шыны зауыты, «Мағжан и К» ЖШС күріш өңдеу және ас тұзын өндіру зауыты, «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы, "Отбасы" орталығының жұмысы, облыс әкімдігінің «Ахуалдық орталығы», Тұрғын үй-құрылыс комбинаты, «Анаға тағзым» орталығы, сырты заманауи панельмен қапталған көпқабатты тұрғын үйлер мен ауладағы ашық ойын-спорт алаңы, жаңадан салынған Автовокзал жұмысымен, сол жағалаудың дамуы барысымен танысты. Семинарға қатысушылар қаланы көгалдандыруда мемлекеттік меншікке қарайтын кәсіпорын ашу тиімділігіне, кәсіпкерлердің өз туған жерін түлетуге үлес қосып жатқанына, әлеуметтік нысандарды салудағы белсенділіктеріне ризашылықтарын білдірді. Сондай-ақ бюджетті тиімді игеру және қаланың даму ерекшеліктерін атап өтті. Қатысушылар семинар-кеңесте тәжірибе алмасу арқылы тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру жұмысына оң ықпал ететіндігіне сенім білдіріп, шаһар дамуына оң бағасын берді.

Семинарды қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев қорытындылады. Төраға өз сөзінде:

*– Еліміздің 8 өңірінен қалалық мәслихат төрағалары мен депутаттары келіп, тәжірибе алмасты. Қала әкімімен кездесіп, қаладағы нысандарды аралап шықты. Өңірден келген қонақтар Сырдың бас қаласындағы серпінді жобаларға, атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді*, – деді.

**Мұхаммедшах КАЮП**

## “ҚАЛАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ ҰНАДЫ”

Қала аумағындағы 25 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдарына күрделі жөндеу жүргізуге облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге қаралып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі заман талабына сай 10 аялдама салу үшін жергілікті бюджеттен 52,5 млн. теңге қаралып отыр.

**Ақтөбе қалалық мәслихатының төрағасы Анар Даржанова:**
*– Өзім Ақтөбе қаласынан келдім. Бізде 32 депутат бар. Биыл әр өңірден мәслихат төрағалары, депуттары жиналып, тәжірибе алмасып жатырмыз. Бұл – өте маңызды. Осы үрдіс әрі қарай жалғасын табады деген сенімдеміз. Өзіме ұнағаны – қаладағы әлеуметтік жобалардың іске асуы. Сонымен қатар қаладағы қоғамдық көлік мәселесі, жол салу, құрылыс жұмысы көңілден шықты. Осының бәрін өзімізге үлгі етіп алдық.*

Қызылорда қаласы бойынша 54 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін республикалық бюджеттен 1,3 млрд. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Облыстық бюджеттен бөлінген 1,8 млрд. теңгеге жалпы ұзындығы 48 шақырым болатын қаланың 40 көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары қолға алынса, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 979,3 млн. теңге бөлінді.

“Ақжарма” ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр, Талдыарал елді мекендері және Төрттам учаскісіне жаңадан газ құбырын жүргізуге қалалық бюджеттен 140,9 млн. теңге бөлінді. «Ауыл – ел бесігі» жобасына барлығы 16 жобаға 1 млрд. 234 млн. теңге бөлінді. Жобаларды аяқтау үшін республикалық бюджетке 4,6 млрд. теңгеге, облыстық бюджеттен қоса қаржыландыруға 587 млн. теңге бюджеттік өтінім ұсынылды, – дейді қала әкімінің орынбасары.

## ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҒЫ ҚУАНТТЫ

**Талдықорған қалалық мәслихат төрағасы Темірболат Жанболатұлы:**

*– Биыл Мәслихаттардың 30 жылдығына орай семинар-кеңес өтуде. Бірінші Қызылорда қаласынан басталып жатыр. Алдағы уақытта басқа да өңірлерде жалғасын табады. Әр қала бойынша өзекті мәселелер көтеріліп, атқарылып жатқан жұмыс жайлы айтылып, жан-жақты ой бөлісудеміз. Біз үшін әріптестермен тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік туып отыр. Қызылордадағы кәсіпкерлердің ел дамуына өз үлестерін қосап жатқаны өзімді қатты қуантты.*

*Семинарда дизайн код бойынша баяндама жасаған қала әкімінің орынбасары Айдос Кентугаев өз сөзінде «Дизайн код қаламыздың көп жылдар бойы қалыптасқан ғимараттарының сыртқы қасбетінің үлгісі қандай болу керектігінің, оның түсі, құрылыс жұмыстарына қолданылатын материалдар, оның ішінде ғимараттардың қасбетіндегі әртүрлі үлгіде жасалған жарнаманың бір биіктікте, бір деңгей мен көлемде орналастырылуының, қасбеттерді біркелкілендіру, көшелердің сәулеті бірыңғай үлгіде болуының (жарық шамдары, брусчатка, қоқыс жәшігі) тәртіптелетін құжаты болады»*, – деп атап өтті.



## ТЫҢ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНЫП ЖАТЫР...

**Көкшетау қалалық мәслихатының төрағасы Дастан Алтайұлы:**

*– Өзім Сыр еліне бірінші рет келіп тұрмын. Маған өте қатты ұнады. Қаланың тазалығы, абаттандыруы, жаңадан салынған ғимараттары ерекше көзге түседі. Жақында пайдалануға берілетін әуежай терминалын да көрдік. Жалпы тың жобалар қолға алынып жатыр екен. Бір ғана айтарым, Қызылорда жыл артқан сайын көркейіп, дами берсін. Халқы да өте қонақжай екен. Бәріне алғысым шексіз.*

Ал, облыстық мәслихат депутаты, облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы Балжан Мөрәліқызы семинар-кеңес барысында облыс әкімінің тапсырмасымен бюджетті арттыру, тиімді игеру мәселелері бойынша қолға алынған тиімді жұмыстарды атап өтті. Соңғы үш жылда Қызылорда облысының бюджетінде айтарлықтай үлкен өсім бар. 2023 жылы облыс бюджеті 601,3 млрд. теңгеден асты. Бұл 2022 жылғы бюджет көлемімен салыстырғанда 55,3 пайызға артық.

*– Бұл ретте облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының табанды еңбегі мен іскерлігін атап өткен жөн. Облыс басшысының тапсырмасымен аймақ бойынша өзекті мәселелер жинақталып, жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, тиісті министрліктермен жүйелі жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде республикалық бюджеттен қаржыландырылған жобалардың үлесі артты. Бюджеттің ұлғаюына қызылордалық Парламент депутаттары мен сала басшылары да өзіндік үлестерін қосуда. Сонымен қатар бюджет қаржысының тиімділігін арттыру үшін облыстық мәслихаттың экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясы төрағасының басшылығымен құрамына мүдделі облыстық басқармалар өкілдері енген жұмыс тобы құрылып, салалар бойынша бөлінген бюджет қаржысына зерделеу жұмыстары жүргізіледі. Қорытындысында ауқымды қаржы үнемдеуге мүмкіндік туды. Атап айтқанда, облыстың білім беру ұйымдарына бөлінген қаржының бюджеттік заңнама нормаларына сәйкестігі зерделеніп, нәтижесінде жоспардан тыс қаралған қаржы, яғни, 12,9 млрд. теңге, спорт саласы бойынша 3,8 млрд. теңге бюджетке кері қайтарылған.*

*Үнемделген қаржы аймақтың бірінші кезектегі мәселелерін шешуге жұмсалуда*, – дейді Балжан Шәменова.

Семинар жұмысы қаладағы әлеуметтік-экономикалық маңызды нысандарды аралаумен жалғасын тапты.

## ШАҺАР БІРТАЛАЙ ӨЗГЕРГЕН...

**Павлодар қалалық мәслихатының төрағасы Қобланбек Кожин:**

*– Қызылордада керемет семинар-кеңес өтті. Жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Негізі осы қалаға 2015 жылы келген екенмін. Содан бері шаһар бірталай өзгерген. Тіпті таңқалдым. Аймақ және қала басшыларының біліктілігінің, іскерлігінің арқасында көптеген жоба жүзеге асуда. Мәселе барлық жерде болады. Бірақ соны дер кезінде шешіп, жұмысты жандандырып отыру ол – орасан еңбек. Келер жылы мұндай семинар біздің өңірде жалғасады деп жоспарлап отырмыз.*